



Демократиялық институттар мен адам құқықтары жөніндегі бюро

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

2004 жылғы 19 қыркүйектегі және 3 қазандағы  
ПАРЛАМЕНТТІК САЙЛАУ

Сайлауды байқау жөніндегі ЕҚЫҰ/ДИАҚБ миссиясының  
есептемесі



Варшава  
2004 жылғы 15 желтоқсан

## МАЗМҰНЫ

<b>I.</b>	<b><u>ЖАЛПЫ ШОЛУ</u></b> .....	1
<b>II.</b>	<b><u>КІРІСПЕ ЖӘНЕ АЛҒЫС БІЛДІРУ</u></b> .....	3
<b>III.</b>	<b><u>САЯСИ ЖАҒДАЙ</u></b> .....	4
<b>IV.</b>	<b><u>ЗАННАМАЛЫҚ ШЕНБЕР</u></b> .....	5
<b>V.</b>	<b><u>САЙЛАУДЫ ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ</u></b> .....	6
<b>A.</b>	<b><u>САЙЛАУ КОМИССИЯЛАРЫ</u></b> .....	6
<b>Б.</b>	<b><u>САЙЛАУДЫ БАСҚАРУ</u></b> .....	7
<b>В.</b>	<b><u>ЭЛЕКТРОНДЫ ДАУЫС БЕРУ ЖҮЙЕСІ</u></b> .....	8
<b>Г.</b>	<b><u>САЙЛАУШЫЛАРДЫҢ ТІЗІМДЕРІ</u></b> .....	10
<b>VI.</b>	<b><u>ПАРТИЯЛАР МЕН КАНДИДАТТАРДЫ ТІРКЕУ</u></b> .....	11
<b>VII.</b>	<b><u>САЙЛАУ АЛДЫНДАҒЫ НАУҚАН</u></b> .....	12
<b>VIII.</b>	<b><u>БАҚ</u></b> .....	14
<b>A.</b>	<b><u>НЕГІЗГІ МӘЛІМЕТТЕР</u></b> .....	14
<b>Б.</b>	<b><u>БАҚ ҚЫЗМЕТІН ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ</u></b> .....14	
<b>В.</b>	<b><u>БАҚ МОНИТОРИНГІ</u></b> .....	16
<b>IX.</b>	<b><u>ШАҒЫМДАР ЖӘНЕ АПЕЛЛЯЦИЯЛАР</u></b> .....	18
<b>X.</b>	<b><u>ӘЙЕЛДЕРДІҢ ҚАТЫСУЫ</u></b> .....	20
<b>XI.</b>	<b><u>ҰЛТТЫҚ АЗШЫЛЫҚТАРДЫҢ ҚАТЫСУЫ</u></b> .....	20
<b>XII.</b>	<b><u>ЖЕРГІЛІКТІ БАЙҚАУШЫЛАР</u></b> .....	21
<b>XIII.</b>	<b><u>ДАУЫС БЕРУДІ ЖӘНЕ ДАУЫСТАРДЫ САНАУДЫ БАЙҚАУ</u></b> .....	22
<b>A.</b>	<b><u>ДАУЫС БЕРУ</u></b> .....	22
<b>Б.</b>	<b><u>ДАУЫСТАРДЫ САНАУ</u></b> .....	24
<b>В.</b>	<b><u>НӘТИЖЕЛЕРДІ ШЫҒАРУ</u></b> .....	25
<b>XIV.</b>	<b><u>САЙЛАУДЫҢ ЕКІНШІ ТУРЫ</u></b> .....	26
<b>XV.</b>	<b><u>САЙЛАУДЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІН ЖАРИЯЛАУ</u></b> .....	27
<b>XVI.</b>	<b><u>ҰСЫНЫСТАМАЛАР</u></b> .....	28
<b>A.</b>	<b><u>ҚҰҚЫҚТЫҚ ШЕНБЕР</u></b> .....	29
<b>Б.</b>	<b><u>САЙЛАУДЫ ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ</u></b> .....	29
<b>В.</b>	<b><u>ЭЛЕКТРОНДЫ ДАУЫС БЕРУ</u></b> .....	30
<b>Г.</b>	<b><u>БАҚ</u></b> .....	30
<b>Д.</b>	<b><u>ӘЙЕЛДЕРДІҢ ҚАТЫСУЫ</u></b> .....	30
	<b><u>ГЛОССАРИЙ</u></b> .....	31
	<b><u>ҚОСЫМША: САЙЛАУ АЛДЫНДАҒЫ НАУҚАНДЫ БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ</u></b> <b><u>ҚҰРАЛДАРЫНДА ШОЛУ МОНИТОРИНГІ</u></b> .....	ERROR! BOOKMARK NOT DEFINED.
	<b><u>ЕҚЫҰ/ДИАКБ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ</u></b> .....	36

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ**  
**2004 жылғы 19 қыркүйектегі және 3 қазандағы**  
**ПАРЛАМЕНТТІК САЙЛАУ**

**Сайлауды байқау жөніндегі ЕҚЫҰ/ДИАҚБ миссиясының қорытынды**  
**есептемесі<sup>1</sup>**

**I. ЖАЛПЫ ШОЛУ**

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясының (ОСК) шақыруы бойынша Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйымының жанындағы Демократиялық институттар мен адам құқықтары жөніндегі бюро (ЕҚЫҰ/ДИАҚБ) 2004 жылғы 19 қыркүйектегі Мәжіліске (Парламенттің төменгі палатасына) сайлауды байқауға қатысты. Сайлаудың 3 қазандағы екінші туры байқау алдыңғысына қарағанда шағын ауқымда өткізілді. ЕҚЫҰ/ДИАҚБ парламенттік сайлауды бағалауды олардың ұлттық заңнамаға, ЕҚЫҰ 1990 жылғы Копенгаген құжатына және басқа халықаралық стандарттарға сәйкестігі тұрғысынан жүргізді.

19 қыркүйектегі Мәжіліске сайлау 2003 жылғы жергілікті билік органдарына сайлау мен 1999 жылғы парламенттік сайлаудың кезінен кейінгі алғашқы сайлау болды. Дегенмен соңғы парламенттік сайлаумен салыстырғанда бірқатар ілгеілеушілік болуына қарамастан, елеулі кемшіліктер орын алды, ал сайлау процесінің өзі ЕҚЫҰ қатысушы-елдердің міндеттемелеріне және демократиялық сайлаудың басқа халықаралық стандарттарына толық дәрежесінде сәйкес келмеді.

Осы кемшіліктерге қарамастан, төмендегідей жетілдірулер байқалды:

- Сайлау туралы заңға енгізілген түзетулер бүкіл сайлау процесінің ашықтығын арттыру үшін негіз болып табылады, солай болғанымен де, сайлау туралы заңнама ЕҚЫҰ қатысушы-елдердің міндеттемелеріне сәйкес болу үшін одан әрі жетілдіру қажет;
- Оппозициялық партия Қазақстанның Демократиялық Таңдауы (ҚДТ) партиясын қоса алғанда, он екі саяси партияны тіркеу;
- Теледебаттардың жеті раунды өздерінің шектеулі деңгейіне қарамастан, партияларға қоғамды өздерінің көзқарастары туралы ақпараттандыруға мүмкіндік берді. Алдындағы сайлауда орын алған бұқаралық ақпарат құралдарын жабу немесе журналистерді қудалау жағдайлары болған жоқ;
- Жергілікті байқаушылар оларға әркез пайдалануға мүмкіндік беріле бермегенімен, сайлау процесіне көбірек қол жеткізу мүмкіндігін қамтамасыз еткен анағұрлым көбірек заңды құқықтар алды;
- Билік орындары өздерінің ЕҚЫҰ алдындағы міндеттемелерінің әрекетіне жатпайтын халықаралық байқаушыларға ашықтығын көрсетіп бақты;
- Орталық сайлау комиссиясының (ОСК) сайлаушыларға, әсіресе электронды дауыс беруге үйретуге орай салған күштері кәсіби деңгейде және тиімді болды.

---

<sup>1</sup> Осы есептеме сондай-ақ қазақ және орыс тілдерінде де жасалды. Алайда, ағылшынша нұсқасы аталмыш шолу үшін бірден-бір ресми құжат болып табылады.

Негізгі кемшіліктердің қатарына сайлауды басқару ашықтығының жеткіліксіздігі және сайлау туралы заңнаманы тиімді және риясыз іске асыру үшін қажетті ақылға қонымды саяси еріктің жеткіліксіздігі жатады. Кейбір кемшіліктер сайлау туралы заңнамада кездесетін проблемалардан туындайды. Қазіргі сайлаудың қазақстандық заңнамамен, ЕҚЫҰ, Еуропа Кеңесінің алдындағы сайлауға қатысты міндеттемелеріне және демократиялық сайлаудың басқа халықаралық стандарттарынан алшақтығы бар элементтер қатарына төмендегілер жатады:

- Екі оппозиция жетекшісі көпшілік саяси уәжделген деп қарастыратын айыптар тағылу себепті сайлауға жіберілмеді;
- ОСК өз бетінше, алалап және жабық түрде әрекет етті және Сайлауды байқау миссиясына (СБМ) белгілі болғандай, сайлау туралы заңмен көзделгендей ресми сайлау алды науқанының барысында шешімдер қабылдау үшін ашық отырыстар өткізген жоқ;
- Сайлау комиссияларының құрамына саяси тұрғыдан теңдестірушілік жетіспеді;
- Сайлау науқаны бойынша хабар беруде БАҚ мониторингі, әсіресе президентті қолдайтын партиялардың пайдасына көбірек мойын бұратындығын байқатты;
- Президентті қолдайтын партияларды қолдауға байланысты сайлаушыларға әсіресе жергілікті билік органдарының кейбір лауазымды тұлғалары мен жұмыс істейтін орнындағы басшылар едеуір қысым жасады;
- Электронды дауыс беруді пайдаланатын сайлау учаскелерінің 10%-ында қағаз бюллетеньдер мен электронды жүйені қатар пайдалану туралы кеш (сайлау күнінің қарсаңында) қабылданған шешім ұйымдастырушылық қиыншылықтарға, қосарлас дауыс берудің әлуеттегі ықтималдығына және нәтижелерді кестелеу рәсімдерін қажетсіз күрделендіруге әкеліп соқты;
- Шағымдар мен апелляцияларды қарау процесі тиімді және ашық болмады.

Осы сайлауда электронды дауыс беруді енгізу әсіресе, барлық үлкен қалалардағы сайлаушыларға қолдануға тура келетін болып шыққан кезде, қайшылықтарға толы болды. Кейіннен сайлаушыларға электронды дауыс беруді пайдаланатын сайлау учаскелерінің 10%-ында қағаз бюллетеньдер мен электронды жүйені қатар пайдалануды таңдауға мүмкіндік берілді. Қазақстан үшін бірегей электронды дауыс беру жүйесінің тиімді жақтары бар, бірақ оның қазіргі конфигурациясында қарап ашықтығының жеткіліксіз екендігін көреміз, себебі дауыстарды қолмен санап тексеруге мүмкіндік бермейді.

Екі турда да сайлау күні, әсіресе, сайлаушыларды тіркеуді дұрыс жүргізу жөнінде проблемалар туындады. Сайлаушылардың қағаз және электронды тізімдерінің арасында елеулі алшақтықтар, сондай-ақ сайлаушыларды сайлау күні тізімдерге қосымша енгізудің көмескі және жабық рәсімдері орын алды. Көптеген сайлаушылар тектері сайлаушылардың тізімдеріне енгізілмеуіне байланысты сайлау учаскелерінен кейін қайтарылды.

Сайлау учаскелерінің деңгейінде дауыстарды санау және жоғары тұрған сайлау комиссияларының деңгейінде мәліметтерді жинақтау да өзіндік қиындықтар туғызды. Барлық жағдайларда жергілікті байқаушыларға хаттамалардың көшірмелері берілмеді, ал нәтижелері заң талап ететіндей, әрбір сайлау учаскесінде ілінген жоқ. Осының барлығы сайлау учаскелерінің шектерінен тыс хаттамаларды өзгерту немесе қайта жазу фактілерімен бірге ашықтықты және нәтижелердің шынайылығын тексеру кепілдіктерін елеулі бұзу болып табылды.

ОСК әрбір сайлау учаскесі бойынша түпкілікті нәтижелерді СБМ мен басқа ұйымдарға жариялауға уәде берді, бұл дауыс санау және мәліметтерді қорытындылау ашықтығына айтарлықтай үлес болып табылар еді. Өкінішке орай ондай елеулі қадам осы кезге дейін жасалған жоқ.

Жаңа Мәжілістің құрамын түгелдей дерлік президентті қолдайтындар деуге болады. Парламенттің тек бір депутаты ғана оппозициялық партиядан сайланған еді, бірақ ол кейіннен бұл орыннан бас тартты. Бір де бір оппозициялық партия сайлаудың нәтижелерін мойындаған жоқ. Мәжілістің бұрынғы құрамының спикері әрі сонымен бір мезгілде негізгі президентті қолдайтын «Отан» партиясының тізімі бойынша бірінші кандидат та сондай-ақ сайлау барысындағы бұзушылықтарды себеп ретінде келтіріп, жаңа Мәжілістегі депутаттық орыннан бас тартты.

Осы есептемеде сайлау туралы заңды одан әрі жетілдіру жөнінде ұсыныстамалар бар. Қазақстан Республикасы 1999 жылғы сайлаудан кейін ЕҚЫҰ сайлауға қатысты міндеттемелеріне сәйкестік бойынша бірқатар игі қадамдар жасағанымен, кейбір маңызды мәселелер шешілмей қалып отыр. Көптеген ұсыныстамалар 2006 жылғы президенттік сайлауға дейін толық іске асырылған болар еді. Алайда, сайлауды ЕҚЫҰ міндеттемелеріне сәйкес өткізуге аса маңызды талап заңды риясыз және кәсіптік ұстануды қамтамасыз ету бойынша шынайы ұмтылыс пен саяси ерік деңгейі болып қалып отыр. ЕҚЫҰ/ДИАҚБ Қазақстанның билік орындары мен азаматтық қоғамына сайлау процесін жетілдіруге орай жәрдемдесуге дайын.

## **II. КІРІСПЕ ЖӘНЕ АЛҒЫС БІЛДІРУ**

Қазақстан Республикасы ОСК шақыруына сәйкес, ЕҚЫҰ/ДИАҚБ 2004 жылғы 10 тамызда сайлауды байқау жөніндегі миссия (СБМ) құрды. Миссияны Елші Роберт Л. Барри (АҚШ) басқарды. СБМ Астана және Алматы қалаларындағы сарапшылардың негізгі тобының 15 адамынан, сондай-ақ сегіз аймақта орналасқан 16 ұзақ мерзімді байқаушылардан тұрады.

Қазақстан Республикасындағы парламенттік сайлау 2004 жылғы 19 қыркүйекте өткізілді. Сайлаудың екінші туры 2004 жылғы 3 қазанда 67 бірмандатты округтардың 22-сінде болып өтті.

Сайлау күніне дейін ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ 34 ЕҚЫҰ қатысушы-елдерінен 305 қысқа мерзімді байқаушылар, соның ішінде ЕҚЫҰ Парламенттік Ассамблеясынан ЕҚЫҰ Атқарушы Төрағасы ЕҚЫҰ қысқа мерзімді байқаушыларын арнайы үйлестіруші етіп тағайындаған ЕҚЫҰ Парламенттік Ассамблеясының вице-президенті Игорь Осташ мырза (парламент депутаты, Украина) жетекшілік еткен 33 байқаушы кірді. Сонымен қатар, Еуропа Кеңесінің Парламенттік Ассамблеясы Тана де Зулуета ханым (парламент депутаты, Италия) жетекшілік еткен 10 парламент мүшесінен құралған делегация жіберді. 19 қыркүйекте сайлауды байқау жөніндегі халықаралық миссияның (СБХМ) құрамы бүкіл елдегі жалпы саны 9400 сайлау учаскелерінің 1300 астамында болып шықты. СБХМ байқаушылары 16 әкімшілік-аумақтық бірліктердің 10-ында болды.

3 қазандағы сайлаудың екінші турының барысында ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ Елшісі Любомир Копайдың (Словакия) жетекшілігімен жұмыс істеді және оның құрамына сарапшылардың негізгі тобының 5 қызметкері және алты ЕҚЫҰ қатысушы-елінен 6 ұзақ мерзімді байқаушы кірді. Сайлау күні 22 округтың жетегіндегі 93 сайлау учаскелерінде байқауды 24 байқаушы, соның ішінде ЕҚЫҰ қатысушы-елдерінің елшіліктерінен 10 қысқа мерзімді байқаушы жүзеге асырды. Екінші турға қатысты СБМ мәлімдеме жасамағанымен, тиісті байқаулар осы есептемеге енгізілді.

Сайлауға дейін СБМ екі аралық есептеме, сондай-ақ 2004 жылғы 20 қыркүйекте алдын ала нәтижелер мен қорытындылар туралы Мәлімдеме жариялады. Осы қорытынды есептемені аталмыш есептемелердің, ЕҚЫҰ/ДИАҚБ Миссиясының 2004 жылдың маусым айында дайындалған есептемесінің, сондай-ақ ЕҚЫҰ/ДИАҚБ 2004 жылдың тамыз айында дайындалған Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы Конституциялық заңына Бағасының контекстінде оқу қажет.<sup>2</sup>

ЕҚЫҰ/ДИАҚБ Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі мен Орталық сайлау комиссиясына, сондай-ақ басқа ведомстволар мен азаматтық қоғамның ұйымдарына, халықаралық ұйымдарға, ЕҚЫҰ Алматы Орталығына, ЕҚЫҰ қатысушы-елдерінің Қазақстандағы елшіліктері мен консулдықтарына байқау барысында көрсеткен жәрдемі мен ынтымақтастығы үшін алғысын білдіреді.

### III. САЯСИ ЖАҒДАЙ

1995 жылғы 30 тамыздағы референдумда қабылданған Конституцияға сәйкес, Қазақстан президенттік республика болып табылады. Қазақстанда Мәжілістен және Сенаттан тұратын екі палаталы парламент бар. 1998 жылғы өзгертулер мен толықтырулары бар Конституция үшті президенттік басқару жүйесін көздейді, ал Парламенттің билігі Президент ұсынатын заңдарды қабылдаумен немесе қабылдамаумен шектеледі. Кезекті президенттік сайлау 2006 жылға белгіленіп отыр.

77 орыны бар Мәжіліс халықтың дауыс беруі арқылы сайланады, 67 депутат бір мандатты округтардан, ал 10 депутат 7-пайыздық барьер кіретін жалпы ұлттық пропорционалды өкілдік формуласына сәйкес партия тізімдері бойынша сайланады. Сайлау процесі бюллетеньдердің екі бөлек түрін көздейді. Сайлау туралы заң сайлаудың екінші туры, егер бір мандатты округтар бойынша күресте кандидаттардың бір де бірі 50 пайыздан артық дауыс жинамаған жағдайда, өткізуді көздейді. 39 депутаттан тұратын Жоғарғы палата – Сенат төте дауыс беру арқылы сайланбайды.

19 қыркүйектегі сайлау 1999 жылдың қазан айындағы сайлаудан кейінгі Мәжіліске алғашқы сайлау болды. ЕҚЫҰ/ДИАҚБ ол сайлауды 1999 жылдың қаңтар айында өткізілген президенттік сайлау секілді, ЕҚЫҰ сайлауға қатысты міндеттемелеріне толық түрде сәйкес келе қоймайды деп бағалады.

Қазақстан 2009 жылға ЕҚЫҰ төрағалығына мүдделі екендігін білдірді, сондықтан осы сайлау демократиялық сайлау процесіне ынта-ықылас көрсетуге мүмкіндік берді. Билік орындары өздерінің демократиялық реформаларға талпынысын әлденеше дүркін танытты.

<sup>2</sup> <http://www.osce.org/odihr/index.php?page=elections&div=analyses&country=kz>

#### IV. ЗАҢНАМАЛЫҚ ШЕҢБЕР

Мәжіліске сайлаудың заңнамалық шеңберін айқындайтын басты құқықтық құжат Қазақстан Республикасының 2004 жылы түзетулер мен толықтырулар енгізілген «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңы болып табылады. Осы өзгертілген Заң ЕҚЫҰ қамқорлығымен Қазақстанның билік орындарымен ынтымақтастықта ұйымдастырылған 2000 жылғы дөңгелек үстелдер сериясы бастау жасаған сұхбаттың нәтижесі болып табылды.

ЕҚЫҰ/ДИАҚБ өзінің «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңға берген бағасында жасалған бірқатар өзгертулер айтарлықтай ілгерілеу болғанымен, ЕҚЫҰ мүше-елдерінің 1990 жылғы Копенгаген құжатында баяндалған демократиялық сайлауға қатысты міндеттемелеріне толық сәйкестікке келтіру үшін Сайлау туралы заңды одан әрі қарай түзете түсу қажет екенін атап көрсетті. Аталмыш бағада Сайлау туралы заңға толықтырулар мен түзетулердің сайлау процесіне оң әсер етуі мүмкін дәрежесі сайып келгенде институттар және осы Заңды тиімді және риясыз іске асыру мен сақтау үшін жауап беретін лауазымды тұлғалар көрсететін саяси ерік деңгеймен айқындалады деп атап өтілді.

Сайлау туралы заңда сақталып қалған, өткізілген бағалау барысында анықталған кейбір, – сайлануға құқықты шектеу<sup>3</sup>, тіркеуден алуға әкелетін шамадан тыс санкциялар<sup>4</sup>, сайлау комиссияларындағы жан-жақты және плюралистік өкілдік үшін жеткілікті кепілдіктердің болмауы<sup>5</sup>, берілген шағымдар бойынша шешімдер қабылдаудың ашық және тиімді рәсімінің болмауы<sup>6</sup>, БАҚ туралы заңнаманы сақтамау<sup>7</sup> секілді кемшіліктер бүгінгі парламенттік сайлауда байқалды.

Соңғы сайлаудың негізгі түйінді мәселелерінің бірі оны басқарудағы ашықтықтың жеткіліксіздігі болып табылады. ОСК және төменгі деңгейдің сайлау комиссиялары шешімдерді көбінесе жекеше түрде, мүдделі тараптарға уақытында хабарландырусыз немесе оларға ойын білдіруге мүмкіндік берусіз қабылдап отырды. Кандидаттар сайлаудың қарсаңында тіркеуден алынған кейбір жағдайларда, тиісті шешімдер уақытында хабарланбаған. Бұл сайлау комиссияларының қызметінің жариялылық және ашық сипаты туралы заңды талаптарға қайшы келеді (20.1-бет).

Сайлау туралы заңға түзетулермен қатар, сондай-ақ сайлауға қатысты жалпы заңнамалық шеңберді жетілдіру қажет. Сайлау процесіне тікелей қатысты нақты қағидалар шын мәнінде шектеулік болып табылады. Соңғы сайлау да сондай-ақ аталмыш қағидалар жергілікті билік органдарына өз бетімен шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді деген қауіп туғызады. Мысалы, Сайлау туралы заң партиялар мен кандидаттарға сайлаушыларға қол жеткізу мүмкіндігін береді, бірақ іс жүзінде президенттің «Бейбіт жиналыстар, жиындар, шерулер, пикеттер мен демонстрациялар ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы» Жарлығы жергілікті

<sup>3</sup> Мысалы, «Ақ Жол» партиясының тең төрағасы Болат Әбіловтың кандидатурасы жала жапқаны үшін шартты сотталу негізінде алынып тасталды. ДИАҚБ осының алдында шамалы құқық бұзушылықта үшін сотталған тұлғалардың сайлау құқықтарын шектемеуге ұсыныстама жасаған еді.

<sup>4</sup> Тольғырақ VI Партиялар мен кандидаттарды тіркеу бөлімінен қараңыз.

<sup>5</sup> Тольғырақ V Сайлауды басқару бөлімінен қараңыз.

<sup>6</sup> Тольғырақ IX Шағымдар және апелляциялар бөлімінен қараңыз.

<sup>7</sup> Тольғырақ VIII БАҚ бөлімінен қараңыз.

билік органдарына өз бетімен осындай іс-шаралар өткізуден бас тартуға мүмкіндік береді. Осы сайлаудың барысында жиналыс немесе сайлаушылармен кездесу өткізуге рұқсат беруден бас тартудың немесе әлдебір алалаушылық шектеулер салудың бірнеше мысалы болды.<sup>8</sup> Кандидатураларды қаржылық есеп-қисаптағы қателіктер үшін алып тастау туралы қағидалары бар «Жемқорлықпен күрес туралы» Заң да кейде алалаушылықпен және саяси уәждемелермен қолданылды.<sup>9</sup>

Сайлау процесіне қатысты бірқатар мәселелер ОСК Қаулылары, бұқаралық ақпарат құралдары туралы Заң, саяси партиялар туралы Заң, әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы Кодекс, Жемқорлықпен күрес туралы Заң және басқалары секілді басқа заңдармен және қағидалармен реттеледі. Осы қағидалардың біразы оларды ЕҚЫҰ мүше-елдерінің демократиялық сайлауға қатысты міндеттемелері мен басқа халықаралық стандарттарға сәйкестікке келтіру үшін келесіде қайта қарауды және жетілдіруді қажет етеді.

## **V. САЙЛАУДЫ ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ**

### **A. САЙЛАУ КОМИССИЯЛАРЫ**

Орталық сайлау комиссиясы (ОСК) сайлау комиссияларының 4 деңгейлі жүйесіне басшылық етеді. Республикалық деңгейден төменгі сайлау комиссиялары аумақтық, округтық және учаскелік деңгейлерде әрекет етеді. Барлық сайлау комиссиялары 7 мүшеден тұрады. Барлық ОСК мүшелерін Мәжіліс Республика Президентінің ұсынысы бойынша тағайындайды, ал төменгі деңгейдің сайлау комиссияларының мүшелерін тиісті мәслихаттар сайлайды.

Сайлау комиссияларының құрамы елеулі алаңдаушылық туғызады. Заң бойынша аумақтық, округтық және учаскелік сайлау комиссияларының мүшелерін тиісті мәслихаттар сайлайтын болғанымен, ОСК берген осы комиссиялардың құрамы жөніндегі деректер комиссиялардың көпшілігінің үкіметті қолдайтын партияларға артықшылық бергенін анық көрсетеді. Жалпы ел бойынша, үкіметтің шылауындағы «Асар» және «Отан» партиялары ұсынған сайлау комиссияларының мүшелеріне кандидаттар тиісінше 99,7% және 98,8% жағдайларда тағайындалды, ал оппозициялық «Ақ Жол» және «ҚДТ» партияларынан кандидаттардың тағайындалу пайызы 51,6% және 20% болып шықты.

Оппозициялық партиялар көп жағдайда өздеріне қарсы бағытталған кемсітушілікті айтады. Мысалы, ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ Атырау қаласында үкіметке қолдау көрсететін партияларға төрағаның 83 орынынан 79 орын және 83 хатшылық орын тиесілі екені белгілі болды. «Ақ Жол», ҚДТ және Қазақстанның Коммунистік Партиясы (ҚКП) партияларының әрқайсысында тек бір комиссия мүшесі болды және бір де бір төрағалық немесе хатшылық орын болмады. Жалпы Атырау облысы бойынша «Отан» УСК 444 кандидат ұсынып, олардан 365 тағайындалса, «Ақ Жол» 200 ұсынып, олардан 18 тағайындалды.

ОСК түсіндіруі бойынша сайлау комиссияларындағы саяси партиялардың дисбалансына саяси партиялардың 2003 жылғы мәслихатқа сайлаудағы төмен

<sup>8</sup> Тольғырақ VII Сайлау алды науқаны бөлімінен қараңыз.

<sup>9</sup> Мысалдарды VI Партиялар мен кандидаттарды тіркеу бөлімінен қараңыз.



белсенділігі себеп болды. Осындай жағдай Сайлау туралы заңға сайлау комиссияларының жан-жақты және плюралистік құрамына кепілдіктерді енгізу қажеттілігін көрсетеді. Қазіргі қолданыстағы заң сайлау комиссияларын қалыптастыруға қатысты ЕҚЫҰ/ДИАҚБ алдындағы алаңдаушылығын тек ішінара есепке алады.

## **Б. САЙЛАУДЫ БАСҚАРУ**

ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ-сы Орталық сайлау комиссиясы (ОСК) жабық түрде қызмет атқарды және сайлау процесінің барысында өз бетімен және алалаушылық шешімдер қабылдады деген қорытындыға келді. СБМ белгілі болғандай, сайлау алдындағы науқан басталғаннан және тап сайлау күніне дейін ОСК бес мүшелік міндетті кворумы бар ашық мәжілістер өткізген жоқ. ҚДТ кандидатын рұқсатсыз демонстрация ұйымдастыру үшін айыптау бойынша сотқа шақыруға рұқсат секілді маңызды шешімдер қажетті кворум жоқ кезде жабық қабылданған тәрізді.<sup>10</sup> ОСК бұқаралық ақпарат құралдарына эфирде ҚКП/ҚДТ блогының насихаттық ролигін көрсетпеуге ұсыныстамасының кворумсыз қабылданғаны және кейіннен қайта шақырылып алғаны қазір анықталды. Оппозициялық партиялардан бұқаралық ақпарат құралдарына қатысты басқа шағымдар қарастырусыз қалдырылды немесе жағдайды түзету мақсатында қандай да бір шешімдер қабылдаусыз ОСК Қоғамдық кеңесінде талқыланды.<sup>11</sup>

Сайлау алдындағы науқанның барысында ОСК мүшелері елді көп аралады, сондықтан шешімдер, соның ішінде шағымдар және кандидаттарға қатысты санкциялар қолдану бойынша шешімдер телефон және факс арқылы қабылданып отырды. Алайда бұл жағдай мүдделі тұлғалардың ОСК шешімдер қабылдау процесіне қол жеткізу бойынша заңның талаптарына сәйкес келмейді.<sup>12</sup> ОСК осы жағдайда ақталу үшін Қазақстанның ұлан-байтақ ауданына сілтегенімен, аумағы үлкен басқа мемлекеттер бұл мәселені жолын тауып шешеді және орталық деңгейде шешімдер қабылдау процесінің ашықтығын қамтамасыз етеді. ОСК мүшелерінің сайлау алдындағы науқанның бүкіл барысында елді аралау практикасы сайлау комиссияларының ашық және жариялы жұмысына септеспейді.

Әлденеше рет жолданғанға қарамастан, ОСК сол беті ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ-ге өзінің қолданыстағы қаулыларының тізімін бермеді. Бюллетеньдерді жасау, оларды тасымалдау және сақтау туралы, сондай-ақ басып шығарылған бюллетеньдердің жалпы саны туралы ақпарат беру жайында ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ өтініштері қауіпсіздік тұрғысынан қабылданбады.

Одан төмен деңгейлерде байқау жүргізілген сегіз облыстың төртеуінде сайлау комиссиялары ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ байқаушыларын немесе жергілікті байқаушыларды өздерінің мәжілістері жайында ақпараттандырмағанымен, кейбір сайлау комиссиялары өте ашық және жариялы жұмыс істеді.

<sup>10</sup> Сайлау алдындағы науқанның уақытында кандидаттар егер ОСК өзгеше шешпесе, қамауға алуға немесе әкімшілік санкцияларға қатысты қол сұғылмаушылықты пайдаланады.

<sup>11</sup> ОСК Қоғамдық кеңесті бұқаралық ақпарат құралдарына байланысты дауларды шешуге арналған кеңесші орган ретінде құрған. Ол саяси партиялардан, үкіметтің лауазымды тұлғаларынан, бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері мен ОСК мүшелерінен тұрды.

<sup>12</sup> 20-1.3 Бап.

Сайлаудың бірінші турынан бір апта бұрын ОСК электронды дауыс беру үшін алдын ала іріктелген учаскелік сайлау комиссияларына (УСК ) жабдықты тексеруді және сынамалық дауыс беру үшін сайлаушыларды шақыруды тапсырды. Нәтижелер әрқилы болып шықты және кейбір учаскелік сайлау комиссияларында жүйені пайдалануда көп қиыншылықтар туындауы мүмкін екенін көрсетті. Ақыр аяғында осының алдында электронды дауыс беруді пайдалану жоспарланған учаскелердің саны сайлауға бір апта қалғанда қысқартылды, ал басқа электронды дауыс беру учаскелерінде қағаз бюллетеньдермен қатар дауыс беру процесі енгізілді.

Қалыптасқан мән-жайларда бұл оң қадам болғанымен, бастапқыда жоспарланған электронды дауыс берудің кең масштабтары мен шешімді кеш қабылдау сайлау күніндегі шатасуға әкеліп соқты және сайлауды жабық өткізу үшін түрткі болды. Шешімді кеш қабылдауға ішінара үкіметтің электронды дауыс беруді қолданудың масштабы туралы ОСК шешімінің құқықтық алғышарты ретінде Электронды дауыс беру жөніндегі комиссияны қалыптастырудағы кідірісі себеп болды.

Елде сайлаушыларды ақпараттандыру және баулу бойынша кең бағдарлама өткізілді. Электротатты алғаш рет енгізіліп отырған электронды дауыс беру технологиясы туралы ақпараттандыруға ерекше күш салынды. ОСК сайлаушылардың арасында таратылған мазмұнды ақпараттық брошюра, сондай-ақ бірнеше телеклиптер шығарды. Сайлауға тек екі күн қалғанда жарияланған ақпараттық аспектілердің бірі сайлаушыларға дауыс беру үшін жеке куәлікке жабыстырылған штрих-код болудың міндетті еместігі болды. Шындығында барлық жерде соның алдында ғана сайлауды өткізу үшін жауапты тұлғалардың өздері де бұл туралы мүлдем керісінше хабарлаған еді.

## **В. ЭЛЕКТРОНДЫ ДАУЫС БЕРУ ЖҮЙЕСІ**

«Сайлау» электронды дауыс беру жүйесі Қазақстанда әзірленді. Аталмыш жүйе сайлаушылардың тізімдерін дайындауға, сайлаушыларды сәйкестендіруді оңайлатуға, электронды дауыс беруді мүмкін қылуға, мезгіл-мезгіл Орталық сайлау комиссиясына дауыс бергендердің саны туралы ақпарат беріп отыруға, сондай-ақ нәтижелерді шығаруға мен сайлау учаскелері деңгейінде хаттамаларды дайындау процесін тездетуге арналған.

Электронды дауыс беруді енгізу 2004 жылдың наурыз айында үшінші оқу кезінде Сайлау туралы заңға электронды дауыс беру туралы кеш түзетулерден бастап, елеулі талқылаудың мәні болып табылды. Оппозиция қайраткерлері, сол тәрізді кейбір белгілі үкіметті қолдайтын саясаткерлер қоғамның сенімін нығайту мақсатында электронды дауыс беруді біртіндеп енгізуге шақырды. Басқалары, соның ішінде ОСК төрағасы осы жүйені тиісті электрондық инфрақұрылымы бар барлық негізгі үлкен қалаларда енгізуді қолдап шықты.

Заң бойынша электронды дауыс беру туралы шешім қабылдау үшін жауап беретін мемлекеттік комиссия сайлауға тек бес күн қалғанда қалыптастырылды. Соның нәтижесінде электронды дауыс беруді пайдалану масштабтары тап 17 қыркүйекке дейін айқындалған жоқ, сондықтан кейбір УСК оған нашар дайындалған болып шықты. ОСК шешіміне сәйкес, электронды дауыс беру 9480 сайлау учаскелерінің 961-інде өтуге тиіс болды.<sup>13</sup>

<sup>13</sup> ОСК веб-сайты бойынша. Дәл деректер сол күйі СБМ берілген жоқ.

Бұл сайлау ЕҚЫҰ/ДИАҚБ электронды дауыс беруді осынша ауқымды масштабта байқаған алғашқы сайлау болды. ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ жүйені қатаң техникалық тұрғыдан тексеруді мақсат етіп қойған жоқ, өйткені оны сайлау процесінің Қазақстандық қатысушылары жүргізуге тиіс болған еді. ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ ашықтық, құпия дауыс беру, тексерілу, қауіпсіздік, сайлаушылар үшін қол жеткізу мүмкіндігі принциптерінде оны енгізуді және қолдануды бағалау жүргізді. Осы принциптерді ескере отырып, нақты проблемаларды шешу керек.

Электронды дауыс беру жүйесі сайлау процесінің Қазақстандық қатысушылары тарапынан жүйеге деген сенімді нығайтуға ықпалдаса алатын ашық және тәуелсіз сертификаттаудан өтпеді. Жүйеге шолуды ОСК шақырған және кейбір саяси партиялар жолдаған сарапшылардың бірлескен тобы өткізді, бірақ СБМ маманына құпиялылық тұрғысынан жүйені тексеруге қатысуға рұқсат берілмеді. Топ «жүйені бұзу және сайлаудың нәтижелерін қолдан жасау мүмкін емес» деген қорытындыға келді, бірақ бір саяси партияның өкілі топтың қорытындысына қол қоюдан бас тартты. Бұл сарапшылар тобы өзінің қорытындыларының куәлігіне толық техникалық дәлелдер жарияламады.

«Сайлау» жүйесі берілген бюллетеньдерді қағаз жүзінде есепке алу мүмкіндігін жоққа шығарады, сондықтан қолдан қайта санау мүмкіндігі де болмайды. Демек, Сайлау туралы заңның 43.9 бабымен көзделгендей қайта санау мүмкіндігі де жоққа шығарылады. Қайта санауға мүмкіндіктің болмауы деректерді есепке алудың дұрыстығына күмән келген жағдайда, қайтадан тексеру мүмкіндігінің жоқтығын білдіреді.<sup>14</sup>

Жүйе дауыс беруден кейін бірден сайлаушының сұрауы бойынша түпкілікті бақылаушылық хаттаманы тексеру үшін пайдаланыла алатын және сонысымен дауысты есепке алудың дұрыстығын тексеруге мүмкіндік беретін, сайлаушымен байланыспаған дара ПИН-код береді. Алайда осы ПИН-код, егер сайлаушы оны партияға, кандидатқа немесе жұмыс берушіге хабарласа, оның қалай дауыс бергенін көрсететін болады. Бұл мән-жай дауыс беру құпиясын бұзуға, сондай-ақ қорқытып-үркітуге мүмкіндік жасайды. Сайлау барысында ондай байқалмағанымен немесе мәлімденбегенімен, аталмыш жүйе оған мүмкіндік береді. Ол аз болса, байқаушылар кей жағдайларда ПИН-кодтар бар түпкілікті бақылаушылық хаттамалар сайлау учаскелерінде орналастырылғанын атап өтті. Сонымен, ПИН-кодтардың ешқандай практикалық ықпалы болмады.

Сырттан қол сұғудан немесе кездейсоқ техникалық істен шығудан сақтауға мүмкіндік жеткілікті болып көрінеді. Жүйе екі физикалық тасымалдаушыға қосалқы көшірмелерді мезгілдік резервтік сақтауды жүргізеді және байланыс желілері арқылы деректерді табыстаудың барлығы жұмбақталған түрде жүреді. Алайда, жүйе сайлау учаскелері мен облыстық сайлау комиссияларының арасындағы әдеттегі телефон желілерін пайдаланады, ал олар рұқсатсыз аңду немесе табысталатын ақпаратты бұрмалау мүмкіндігіне қатысты әлуеті осал.

Жалпы алғанда, жүйенің көптеген тиімді жақтары бар және дұрыс қолданылған жағдайда сайлауды жүргізудің және дауыстарды санаудың жылдамдығы мен дәлдігін арттыра алады. Алайда, сайлаушылар тіпті қалаларда да, әсіресе

<sup>14</sup> Сондай-ақ ЕҚЫҰ ДИАҚБ Сайлау туралы конституциялық заңға бағасын қараңыз, 19-бет.

кандидаттың немесе партияның штрих-кодының үстінен дәл орналастыру штрих-кодты оқу құрылғысымен жұмыс кезінде қиыншылықтарға тап болды. Жүйені пайдаланудағы қиыншылықтар байқау жүзеге асырылған сайлау учаскелерінің 37% жұмыскерлерінің сайлаушыларға дауыс беруге көмектесуге тиіс болғанына әкеп соқтырды. Ондай көмектің заңға қайшы екендігін және дауыс беру құпиясын бұзатындығын айта кету керек.

Көптеген жағдайларда электронды жүйені немесе қағаз бюллетеньдерді пайдаланған кезде дауыс беруді таңдау ұсынылған сайлаушылар оның соңғысын таңдады. ОСК берген статистикаға талдау қағаз бюллетеньдерді таңдағандардың арақатынасы сайлаудың екінші турының барысында одан сайын өскенін көрсетеді. Бұл аталмыш жүйеге қоғамдық сенімді көтеру және жүйені толық масштабта енгізгенге дейін сайлаушылармен түсіндірме жұмыстарын жүргізу керектігінің куәсі бола алады.

#### Г. САЙЛАУШЫЛАРДЫҢ ТІЗІМДЕРІ

ОСК сайлаушылардың тізімдерін жаңғырту және компьютерлендіру мен олардың дәлдігін арттыру үшін күш салды. Алайда, төменде «Дауыс беруді және дауыстарды санауды байқау» бөлімінде аталғандай, сайлаушылар тізіліміне қатысты проблемалар қалып отыр. Алматы қаласының бір сайлау округында 19 қыркүйекке дейін бірнеше мың сайлаушылар тәрізді, жергілікті билік органдарының шенеуніктерінің арасындағы даудың нәтижесінде тізімге кірмеді деп айтылған ресми шағым берілді. Сайлаушыларға сайлау күніне дейін сайлау учаскелеріндегі тізімдерді қайта тексеру ұсынылды, алайда ондай мүмкіндікті көпшілігі пайдаланған жоқ.

Сайлау туралы заң жергілікті басқару органдарының сайлаушылардың тізімдерін тоқсан сайынғы қайта қарауын және Орталық сайлау комиссиясының сайлаушылардың біртұтас электронды тізілімін құруын көздейді. Бұл процесс әкімшіліктер табыстаған тізімдердің негізінде 2004 жылдың наурыз айында басталды. 13 қыркүйекте ОСК төрағасы дауыс беру құқығы бар 8,4 миллионға жуық сайлаушылар алдын ала тіркеуден ендігі өтіп қойды деп мәлімдеді. Дауыс беру құқығы бар сайлаушылардың түпкілікті саны тап сайлау күніне дейін жарияланған жоқ. Қазақстанның халқы шамамен 15 миллион адамды құрайды.

Электронды дауыс беруге арналған сайлау учаскелерінде қағаз, сондай-ақ электронды дауыс беру жүйелерін қолданудың сайлаушылардың тізімдеріндегі проблемаларға әкеліп соққаны анық. Сайлау күні сайлаушылардың электрондық тізімінде көрсетілген сан мен қағаз тізімнің арасындағы айтарлықтай сәйкессіздіктердің жиі жағдайлары байқалды. Мысалы, Астана қаласының сайлау учаскелерінің бірінде тізімдердің екі түрінің арасындағы айырмашылық 1200 сайлаушыны құрады.<sup>15</sup> Кейбір жағдайларда электрондық нұсқадағы сайлау тізімінің саны қағаздағы тізімдегіден едәуір артық болып шықты, алайда керісінше де жиі болып отырды.

Сайлаудың екінші турының барысында көптеген жағдайларда электрондық және қағаз тізімдердің арасындағы айырмашылық Алматы қаласында аз мөлшерде болғанымен де кездесті. Кейбір сайлау учаскелерінің төрағалары дауыс берудің екі

<sup>15</sup> 2-нші дуындық сайлау комиссиясы, 84-інші сайлау учаскесі.

турының аралығындағы кезеңде тізімдер жаңғыртылды деп мәлімдеді, ал басқалары тізімдердің тап бірінші турдағыдай болғанын айтты. Сайлау туралы заңда бұл туралы ештеңе айтылмаған, бірақ сайлаушылардың тізімдерінің біркелкі болмау фактісі өзіндік проблема болып табылады.

Әр округ бойынша тіркелген сайлаушылардың саны айтарлықтай – 92000-нан (1-округ, Астана) 154000-ға (10-округ, Ақмола облысы) дейін өзгеріп отырады. Сонымен, сайлаушылардың теңдей өкілдігі жоқ, бұл дауыс беруде тең құқықты талап ететін Копенгагендік міндеттемелерге қайшы келеді.

## **VI. ПАРТИЯЛАР МЕН КАНДИДАТТАРДЫ ТІРКЕУ**

Партиялар мен кандидаттарды тіркеу табысты өтті және қандай да бір елеулі оқиға болған жоқ. Сонымен, саяси партиялар мен кандидаттарды тіркеу Копенгагендік міндеттемелерге сай келетін оң қадам болып табылды.

Мәжілістегі 77 орынның оны пропорционалды өкілдік жүйесі бойынша партиялық тізімдер бойынша сайланды. ОСК осы 10 орынға таласқан 8 саяси партияны және 2 партия блогын тіркеді. Осы күреске 1999 жылы болмаған Қазақстанның Демократиялық таңдау партиясы қатысты. Мәжілістегі қалған 67 орын бір мандатты сайлау округтары бойынша сайланды. Барлығы 18 тамызға (ресми сайлау алдындағы науқан басталардан бір күн бұрын) қарай ОСК 67 бір мандатты сайлау округтарындағы 623 кандидатты және партиялық тізімдер бойынша 106 кандидатты тіркеді.

ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ алдын ала тіркеуді оң бағалағанына қарамастан, сайлау алдындағы науқан уақытында кандидаттарды тіркеудің күшін жою жағдайлары байқалды. Ондай жағдайларға «Ақ Жол» партиясының тең төрағасы Болат Әбіловтың кандидатурасын жала жапқаны үшін шартты сотталу негізінде алынып тасталғанын мысал етіп келтіруге болады. Сондай-ақ 2002 жылғы аралық сайлауда да Әбілов мырзаны тіркеуден бас тартылған еді. Жалпы алғанда кемінде кандидатураларды тіркеуден алып тастаудың 32 жағдайы орын алды, оның үстіне олардың біразы сайлау күнінің тап алдында орын алды. Кейбір кандидаттарға күмән туғызатын негіздерде, соның ішінде қаржылық есеп-қисаптағы қателіктер үшін тіркеуден бас тартылды. Кейіннен кем дегенде екі кандидатқа қатысты тіркеу қалпына келтірілді.

16 қыркүйекте ОСК толық емес қаржылық ақпарат берді деген желеумен бір мандатты округтардан он кандидатты тіркеуден бас тартты. Бұл шешім ашық отырыста қабылданбады, ал кандидаттардың өздері ОСК олардың істерін қарастырғаны туралы бейхабар болды. Кандидаттар ОСК шешімі туралы хабарлауды факс арқылы тек 18 қыркүйекте ғана алды, ал олардың бірі СБМ өкілдеріне өзінің кандидатурасының алынып тасталғаны туралы тап сайлау күніне дейін білмегенін мәлімдеді. Ол он кандидат заңмен көзделген шекті мерзімдер өтіп кетіп, оны жасауға кеш болғандықтан, өздерінің кандидатураларын алып тастау туралы шешімнің күшін жою үшін тиімді апелляция бере алмады. 18 қыркүйекте түнде және сайлау күні Жоғарғы Сот осы істердің жетеуі бойынша апелляцияларды тыңдады. Негізінен ОСК шешімі қуатталса да, бір жағдайда, яғни Павлодар қаласының №52 сайлау округы бойынша кандидатқа қатысты осындай шешімнің күші жойылды. Кандидат өз округындағы сайлаудың нәтижелерін жарамсыз деп

жариялау үшін күресетінін мәлімдеді, бірақ кейіннен өзіне көрсетілген қысым мен қорқытып-үркіту сылтау етіп оны жүзеге асырмады. ЕҚЫҰ/ДИАҚБ осының алдында Заңнан кандидаттарды қаржылық есеп-қисаптағы қателіктердің негізінде тіркеуден алып тастау туралы қағиданы теріс пайдалануға түрткі ретінде алып тастауға ұсыныстама жасаған еді.

Округтық сайлау комиссиясы Оңтүстік Қазақстанда екі өзбек кандидатты тіркеуден алып тастаған, бұл жағдайлардың кемінде біреуі күмән туғызатын мән-жайларда орын алды. Төменде «Ұлттық азшылықтардың қатысуы» бөлімінен қараңыз.

## **VII. САЙЛАУ АЛДЫНДАҒЫ НАУҚАН**

Сайлауға дара немесе басқа партиялармен блокта қатысу үшін тіркелген 12 саяси партиялардың көпшілігі өздерін президентті қолдайтындармыз деп санайды. Ең ірі партия «Отан» болып табылады, оның құрметті төрағасы Президент Назарбаев. Басқа екі негізгі президентті қолдайтын партиялар – Президенттің қызы Дариға Назарбаева басшылық ететін «Асар» және Аграрлық партия мен Азаматтық партияның коалициясы болып табылатын «АИСТ» блогы. Екі негізгі оппозициялық күш – «Ақ Жол» партиясы және Қазақстан Коммунистік партиясы мен Қазақстанның Демократиялық таңдау партиясы қалыптастырған «Коммунистер мен ҚДТ оппозициялық халықтық одағы» блогы.

Басқа бес партия – «Ауыл», Қазақстан патриоттар партиясы, «Руханият», Қазақстан Коммунистік партиясы мен Қазақстанның Демократиялық таңдау науқанда шағын рөл атқарды.<sup>16</sup> Өзін өзі ұсынған кандидаттар да сондай-ақ олардың біразы саяси партиялардың мүшелері болғанымен немесе олардан қолдау алғанымен, науқанның барысында айтарлықтай рөл атқарды.

Сайлау науқаны жалпы алғанда тыныш, біршама шағын сандағы жаппай демонстрациялармен немесе митингілермен жүрді. Үкіметтің қолдайтын «Отан» және «Асар» партиялары бүкіл елде концерттерге, жиылыстарда шығып сөйлеуге және басқа да іс-шараларға демеуші болды. Осы екі партияның билбордтарда және қалалардағы басқа жарнамаларда үстемдігі болды. Үкіметті қолдайтын «АИСТ» блогы да сондай-ақ белсенділігімен көзге түсті.

«Ақ Жол» және «Коммунистер мен ҚДТ оппозициялық халықтық одағы» блогы (бұдан әрі – ҚКП/ҚДТ блогы) қызу сайлау алдындағы науқан жүргізді. Алайда, ҚКП/ҚДТ блогы оның электоратқа өзінің жолдауларын жеткізу қабілетін қиындатқан жүйелі килігушіліктерге тап болып отырды. Ол килігушіліктерге кем дегенде үш жағдайда Алматы және Павлодар қалаларында ҚДТ белсенділерін полицияның ұстауы және бірқатар жағдайларда (мысалы, Алматы, Қостанай және Павлодар қалаларында) сайлау алдындағы іс-шаралар өткізу кезінде жергілікті билік орындарының тарапынан килігушіліктер кірді. ҚКП/ҚДТ блогының үгіттік ролигі сайлау күнінен аз бұрын кейіннен күші жойылған ОСК өтініші бойынша теледидарлық эфирден алынып тасталды (Төменде «БАҚ» бөлімінен қараңыз).

<sup>16</sup> Науқан барысында СБМ барлық саяси партиялардың өкілдерімен кездесті, сондай-ақ кандидаттар мен партиялардың өтініштері бойынша олармен кездесулер өткізді.

«Ақ Жол» және ҚКП/ҚДТ блогы сайлаушыларға жасалатын қысымға, БАҚ-тың алалаушылығына және жоспарланып отырған электронды дауыс беруді кеңінен енгізілетіндігіне аландаушылық білдіріп, бойкотпен қорқытты. Алайда, ақыр аяғында олар өздерінің жақтастарын сайлауға баруға шақырды.

Екі оппозициялық жетекші – ҚДТ-дан Ғалымжан Жақияновқа және «Ақ Жолдан» Болат Әбіловқа осы сайлауда кандидат болуға рұқсат етілмеді. Жақиянов мырза жемқорлық айыбы тағылып, жазалау мерзімін өтеуде, ал Әбілов мырза жалақорлық үшін шартты сотталған. Екі үкімді де көпшілік саяси уәждеделген деп қарастырады.

Оппозициялық партияларға митингілер өткізуге рұқсат беруден бас тартуды (немесе рұқсат митингінің болуына мүмкіндік бермеу үшін тым кеш беріліп отырды) және үгітке арналған қоғамдық орындарды әділетсіз бөлуді қоса алғанда, жергілікті билік орындарының шешімдеріндегі алалаушылық және науқан кезінде қысым көрсету туралы көптеген хабарлар бар. Мысалы, Солтүстік Қазақстан облысындағы бір мандатты округтардан кандидаттар кездесулерді кандидаттардың біріне ыңғайлы орындарда өткізуге, ал басқаларына оларды тек қаланың орталығынан аулақта рұқсат етілді деп айтады. Ал ҚДТ Астана қаласының әкімшілігінен қаланың орталығында митинг өткізуге рұқсат алуда кедергілерге тап болды. Осы іспетті жағдайлар Оңтүстік Қазақстан облысының Мақтаарал ауданында және Алматы қаласында байқалды.

Сонымен қатар әкімшілік ресурстарды үкіметтің қолдауындағы кандидаттардың мүддесі үшін пайдалануға деген бірқатар нұсқау берушілік сақталып отыр.<sup>17</sup> Мысалы, Солтүстік Қазақстан облысында облыстық әкімшілік<sup>18</sup> сайлаушылар «АИСТ» блогынан кандидатты қолдауы үшін оларға қысым көрсетті деген бірнеше дүркін айыптар бар. Бұл жағдайды мемлекеттік прокурор бақылауына алды. Таразда жергілікті әкімшілік олимпиада чемпионымен кездесуді ұйымдастырды, оның үстіне бұл іс-шараны «Отан» анық қолдаған. Кейбір аймақтарда, әсіресе Алматы мен Өскеменде байқаушылар сондай-ақ әкімшіліктердің сайлау комиссияларының жұмысына килігу жағдайларын атайды.

ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ сондай-ақ партияларға кіру және белгілі бір партиялар немесе кандидаттар үшін дауыс беру мақсатында сайлаушыларға қысым көрсету туралы бірнеше сенімді хабар алды. Бір жағдайда жоғарғы оқу орнының оқытушысы ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ ол «Ақ Жол» партиясын қолдағандықтан, өзінің еңбек шартының ұзартылмағанын хабарлады. Атырауда «Руханият» партиясының өкілі байқаушыларға азаматтық алу үшін жүгінетін иммигранттарға көш-қон органдарының өкілдері қысым жасап, оларды «Руханият» партиясына кіруге, сондай-ақ айына 50 теңге құрайтын мүшелік жарналар төлеуге мәжбүрлейтінін хабарлады. Сонымен қатар, «Руханият» партиясының төрағасы және Қазақстан иммиграциялық қызметінің бастығы Алтыншаш Жағанова ханым өзінің үгіт плакатын Атырау қаласының иммиграциялық қызметінің бөлімінде іліп қою туралы бұйрық шығарған тәрізді. Екі турдың да барысында сайлау күні сайлаушыларға

<sup>17</sup> Оппозициялық партиялар мен тәуелсіз кандидаттар әкімшілік ресурстарды теріс пайдалану жайында көптеген айып тақты, бірақ байқаушылар мұны әркез қайта тексеріп отыра алмады. Алайда, ондай айыптар «Асар» және «Отан» партияларының жетекшілері тарапынан да естілді.

<sup>18</sup> Әкімшілік – облыс деңгейінде немесе одан төмен атқарушы жергілікті өзін-өзі басқару органы.

қысым көрсету туралы басқа да хабарлар болды (төменде сайлау күні туралы бөлімдерден қараңыз).

## **VIII. БАҚ**

### **A. НЕГІЗГІ МӘЛІМЕТТЕР**

Қазақстанда әрекет ететін бұқаралық ақпарат құралдарының саны көп. Ресми статистикалық деректерге сәйкес, 2004 жылдың маусым айында Қазақстанда 2041 бұқаралық ақпарат құралдары бар, олардың 1575 жеке тұлғалардың қолында немесе медиа-холдингдерге тиесілі, ал 466 мемлекеттік; 981 бұқаралық ақпарат құралдары республикалық деңгейде жұмыс істейді. Барлығы 1859 баспасөздік БАҚ, 171 электронды БАҚ (соның ішінде 40 радиокөмпания мен 131 телерадиокөмпания), сондай-ақ 11 ақпарат агенттігі бар.

Көптеген БАҚ жеке тұлғалардың қолдарында шоғырланған немесе Президент пен оның отбасына жақын холдингдерге тиесілі. «Асар» партиясынан кандидат және оның жетекшісі Дариға Назарбаева сайлау алдындағы науқанды өткізу уақытына «Хабар» медиа-холдингінің басқарма кеңесі төрағасының лауазымынан уақытша бас тартқанымен, «Хабар» президентті қолдайтын партияларға артықшылық беруін жалғастыра берді. Дариға Назарбаева өзі Парламентке сайланған жағдайда, «Хабардағы» орнын қалдыратыны туралы жұртшылыққа жария етті.

Бұқаралық ақпарат құралдарын монополияландыру және шоғырландыру редакциялардың саясатына жиі ықпал етеді, бұл халықаралық стандарттарға қайшы. Мысалы, БҰҰ пікірді білдіру бостандығы жөніндегі арнайы баяндамашысының, ЕҚЫҰ БАҚ бостандығы жөніндегі өкілінің және ОАГ пікірді білдіру бостандығы жөніндегі<sup>19</sup> Бірлескен мағлұмдамасы БАҚ иелерінің журналистердің редакциялық тәуелсіздігін құрметтеуге жауапкершілігін атап, БАҚ иелігінің шамадан тыс шоғырлануының алдын алуға ұсыныстама жасайды және БАҚ иеленуші лауазымды тұлғалар мен үкімет мүшелерінің туындайтын мүдделер қақтығысын шешу қажеттігін көрсетеді.

Сайлау күніне дейін билік орындары сайлау алдындағы науқан кезінде ақпараттық ортаны жақсарту бойынша біраз қадамдар жасады. Ақпарат министрі болып жетекші оппозициялық қайраткер тағайындалды, ал ОСК теледебаттардың жеті раундын ұйымдастырды және БАҚ жұмыс ережелерін қабылдады. Бұл қадамдар жаңалықтар шығарылымдарында саяси партияларды тең құқылы қамтуды қамтамасыз ету бойынша күштермен қошталмады.

### **B. БАҚ ҚЫЗМЕТІН ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ**

Қазақстан Республикасының Конституциясы сөз бостандығына кепілдік береді және цензураға тыйым салады. Осыған байланысты, әрбір азаматтың бұқаралық ақпарат құралдарын қоса алғанда, кез келген тәсілмен ақпарат алуға және таратуға құқығы

<sup>19</sup> N. 190, 2002 жылдың желтоқсан айы. БҰҰ арнайы баяндамашысы да сондай-ақ өзінің 1999 жылғы жылдық есептемесінде «БАҚ монополиясына немесе бірнеше адамның қолында шамадан тыс шоғырлануына пікірлер мен дауыстар плюрализмін дамыту мүддесінде жол бермеу керек» деп мәлімдеді.



бар. Сайлау алдындағы науқан кезінде БАҚ қызметін реттейтін екі негізгі құжат - «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» заң және БАҚ арқылы сайлау алдындағы үгіт Ережелері болып табылады.<sup>20</sup>

Сайлау туралы заңда сайлау алдындағы науқан кезінде барлық БАҚ кандидаттардың, саяси партиялардың сайлау науқанын объективті таныстыруды жүзеге асыруға міндеттілігі көзделген.<sup>21</sup> Сонымен бір мезгілде, Сайлау туралы заң кандидаттар мен партиялардың сайлау алдындағы үгіт жүргізу үшін бұқаралық ақпарат құралдарына қол жеткізу мүмкіндігінің тең жағдайға құқығын, сондай-ақ мемлекеттің бұқаралық ақпарат құралдарына кедергісіз қол жеткізу мүмкіндігіне кепілдік беруге міндетін белгілейді.<sup>22</sup>

Әрбір кандидатқа теледидар арқылы он бес минуттық бір шығып сөйлеуге, радио арқылы он бес минуттық бір шығып сөйлеуге, сондай-ақ баспасөз басылымдарында екі мақала жариялауға мемлекеттік қаражаттар бөлінеді. Сондай-ақ тең құқықтық негізде ақылы саяси үгіт материалдарына рұқсат берілген. ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ аталмыш мәселеге қатысты қандай да бір бұзушылықтар немесе шағымдар туралы деректер жоқ.

ОСК және Ақпарат министрлігі Сайлау туралы заңның кейбір принциптерін одан сайын күшейткен БАҚ арқылы сайлау алдындағы үгіт Ережелерін әзірледі. Ол ережелерге бұқаралық ақпарат құралдарының жұртшылықты сайлаудың барысы туралы ақпараттандыруға міндеті, сайлау алдындағы науқан туралы риясыз хабарлауға міндеті, кандидат ретінде тіркелген журналистердің өздерінің сайлаудың барысы туралы ақпараттандыру бойынша қызметін уақытша тоқтатуға міндеті, сондай-ақ сайлау күніне бес күн қалғанда қоғамдық пікірге сауалдамалардың нәтижелерін таратудан бой тартуға міндеті кірді.

Халықаралық тәжірибе бұқаралық ақпарат құралдарының барлық кандидаттарға тең және объективті қол жеткізу мүмкіндігі туралы қағидалар енгізуді көздейді. СБМ жүргізген БАҚ мониторингінің нәтижелері орталық теледидардың тіркелген он партия мен блоктарға тең және объективті қол жеткізу мүмкіндігін қамтамасыз ете алмағанын көрсетеді.<sup>23</sup>

БАҚ арқылы сайлау алдындағы үгіт Ережелерінде ОСК мониторингінің Ережелерге сәйкестігі үшін жауап береді делінеді. Сайлау алдындағы науқан кезінде ОСК БАҚ мониторингі жөніндегі бөлімді іске қосып, сонысымен бұқаралық ақпарат құралдарының БАҚ арқылы сайлау алдындағы үгіт Ережелеріне сәйкестігін тексеру мандатын нысандық түрде іске асырды. Алайда, мониторингінің не әдістемесі, не нәтижелері сол күйі жарияланбады. БАҚ мониторингін жүргізуге ОСК талпыныстары жетістік болып табылады, алайда осындай қадамдардың құндылығы ашықтық деңгейінен тәуелді болады.

<sup>20</sup> БАҚ арқылы сайлау алдындағы үгіт Ережелерінің ресми атауы – «Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы сайлау алдындағы үгітті жүзеге асыру және Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне депутаттар сайлауды ақпараттық қамсыздандыру ережелері».

<sup>21</sup> Сайлау туралы заңның 27.7.

<sup>22</sup> Сайлау туралы заңның 28.1 және 28.2 Баптары.

<sup>23</sup> БАҚ мониторингінің диаграммаларынан қараңыз.

ОСК бұқаралық ақпарат құралдарында ақпараттандыруға қатысты шағымдарды талқылау үшін БАҚ және саяси партиялардың өкілдері қатысатын «Қоғамдық кеңесті» құрды. Алайда, ОСК дисбалансты тиімді түзетуді қамтамасыз ету бойынша одан әргі қадамдар жасамады және оппозициялық партиялар аталмыш мәселеге қатысты берген барлық ресми шағымдарды қабылдамай тастады. ОСК, төменгі деңгейлердің комиссиялары мен соттардың тең ақпараттандыруға және бұқаралық ақпарат құралдарына қол жеткізу мүмкіндігіне қатысты шағымдарға көрсетілген енжарлығы кандидаттардың бұқаралық ақпарат құралдарындағы тең құқықтығын қамтамасыз етуге бағытталған қимыл болып табылмайды. Оның үстіне, бұл жағдайды одан сайын нашарлатады және БАҚ пен саяси партиялардың тарапынан теріс пайдалануға әкеліп соғады.

Жалпы алғанда құқықтық шеңбер сайлау алдындағы науқан туралы теңдестірілген және әділ ақпараттандырудың маңызды кепілдіктерін қамтығанымен, жала жабушылық және Президенттің ары мен абыройына кір келтіруге қатысты Қылмыстық кодекске және мемлекеттік істердің құпиялылығы туралы заңға сілтемелер бұқаралық ақпарат құралдарының саяси жүйенің сыншылары ретінде әрекет ету бостандығын шектейді. Жалпы алғанда жала жабушылық туралы екіұшты заңдар өз бетінше қолданыла алады және бұқаралық ақпарат құралдарын дамытуға жәрдемдеспейді.

## **В. БАҚ МОНИТОРИНГІ**

Бүкіл сайлау алдындағы науқанның ішінде ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ жалпы республикалық ауқымы бар төрт теледидар станцияларына мониторинг жүргізді. Таңдауға жалпы республикалық ауқым және көрермендердің саны, сондай-ақ сайлау алдындағы науқан үшін маңыздылығы және сайлаушылар үшін ақпараттық сыйымдылығы негіз болды. Мониторингіге мемлекеттік «Қазақстан-1» арнасы, негізінен мемлекеттік «Хабар» арнасы және жекеше екі станция – «31 канал» және «КТК» кірді. Сондай-ақ қазақ және орыс тілдерінде шығатын негізгі баспасөздік бұқаралық ақпарат құралдарына (күнделікті, сондай-ақ апталық) талдау жүргізілді.<sup>24</sup>

Әдетте ЕҚЫҰ/ДИАҚБ жүргізетін БАҚ мониторингі БАҚ саласындағы саяси плюрализмнің сандық және сапалық аспектілерін талдайды. БАҚ мониторингі сайлауға әрбір қатысушы үшін уақытты және орынды бөлу бойынша дәл деректер беруді мақсат етіп қойды. Сонымен, мониторинг БАҚ жүйесінің әр түрді саяси баламалары туралы теңдестірілген және тең ақпараттың жеткілікті деңгейіне қаншалықты кепілдік бере алатынын қайта тексерді.

Саясат және сайлау алдындағы науқан туралы ақпараттың басым бөлігі жаңалықтар шығарылымдарынан орын алды. Ақылы саяси үгітті негізінен «Ақ Жол» партиясы мен «АИСТ» блогы пайдаланды.

«Қазақстан-1» мемлекеттік теледидар станциясы өзінің эфирдегі уақытының 64% «Отан» партиясының саяси жаңалықтарын шолуға және оның мүшелеріне арнады.

<sup>24</sup> Мониторингімен қамтылған мезгілдік басылымдарға төмендегілер кірді: «Айқын», «Егемен Қазақстан», «Известия в Казахстане», «Караван», «Казахстанская правда», «Литер», «Мегаполис», «Новое поколение», «Панорама», «Республика», «Соз», «Начнем с понедельника», «Время», «Жас Алаш», «Деловая неделя», «Казахстан».

Хабарлардың сынайы негізінен бейтарап болды, бірақ басқа тіркелген партия мен блоктар туралы материалдар аз болды. Сайлау алдындағы науқан кезеңінде «АИСТ» блогы саяси жаңалықтарға арналған эфирдегі уақыттың 9% алды, ал қалған 8 тіркелген партиялар мен блоктар, соның ішінде «Асар», эфирдегі уақыттың 6% кем алды.

«Хабар» теледидар станциясы «Асар» және «Отан» партияларына елеулі түрде артықшылықтар берді, бұл тиісінше эфирдегі уақыттың 44 және 31 пайызын құрады. Осы партиялардың хал-жағдайы өздеріне оң қабақ танытуға байланысты да анағұрлым жақсы болды, ал оппозициялық «Ақ Жол» партиясы (5%) және ҚКП/ҚДТ блогының үлесі (7%) мардымсыз болды, оның үстіне көбіне көлеңкелі тұстары көрсетілді.

Жеке меншік «31 канал» арнасының бағдарламалары негізгі бақталастарды насихаттауды неғұрлым тең ұстауға тырысса да, дейтұрғанмен «Ақ Жол» партиясына артықшылық берді (саяси жаңалықтар шығарылымында уақыттың 36 пайызы). «31 канал» сайлау алдындағы науқан мәселелері көрсетуде бағдарламалар көрсетті, онда барлығынан көп шолынған «Ақ Жол» және «Отан» партиялары болды. «Асарға» «31 канал» арнасында шолу аз берілді.

КТК коммерциялық теледидар станциясы «Асар» партиясы мен оның кандидаттарының пайдасына мән беретіндігін көрсетті (саяси жаңалықтарға шолуда эфирдегі уақыттың 45 пайызы). КТК жаңалықтар шығарылымдарында бірнеше дүркін оппозициялық партияларға, әсіресе «Ақ Жол» партиясына қарсы бағытталған редакциялық шабуылдар орын алды – КТК арнасы «Ақ Жолға» арнаған эфирдегі уақыттың 90% -ін анық негативті сарынға бұрды.

ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ бұдан бұрынғы сайлауда орын алғандай бір де бір БАҚ органын жабу немесе журналистерді қудалау жағдайын байқамады. Алайда, сайлау алдындағы науқанның соңғы аптасының ішінде мониторингімен қамтылған барлық телестанциялар қамаудағы ҚДТ жетекшісі Ғалымжан Жақиянов қатысқан ҚКП/ҚДТ блогының ақылы үгіт материалдарын көрсетуді тоқтатты. Үгіт материалдарын көрсетуді тоқтату ОСК ұсыныстамасына негізделді. ҚКП/ҚДТ блогы Жоғарғы Сотқа шағым берді, бірақ Сот шешімі олардың пайдасына қабылданбады. Осы материалдардың эфирден Орталық сайлау комиссиясының ресми шешімінсіз алыну фактісі мен ол үшін заңдылығы шүбәлі негіздеме бұқаралық ақпарат құралдарының ресми қысымнан азаттық дәрежесіне қатысты және БАҚ туралы қағидаларды қолданудың объективтілігіне қатысты сұрақтар туғызады.

ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ Петропавл қаласында бұқаралық ақпарат құралдарының редакциялық бостандығына ресми килігу жағдайын куәландыруға мүмкіндігі болмады. Осы инцидент кезінде Солтүстік Қазақстан облысы әкімшілігінің жанындағы ішкі саясат Департаменті жергілікті газеттердің редакторларына сайлау алдындағы науқанды шолудың мазмұны мен форматы бойынша «Отан» билеуші партиясының қолдауына нұсқаулар бар хат жолдады. Прокурор және ОСК «Ақ Жол» партиясы берген шағымға дереу жауап қайтарды және нәтижесінде облыс әкімінің ішкі саясат Департаментінің лауазымды тұлғасына ескерту жасауға тәртіптік санкция ұсынылды.

ОСК орталық «Қазақстан-1» және «Хабар» арналарында теледебаттардың жеті раундын ұйымдастырып, оларға қатысуға он тіркелген партия мен блоктардың барлығын шақырды. Кейбір партиялар бағдарламалардың шектеулі форматын сынағанымен, бұл дебаттар жұртшылыққа саяси баламалар туралы ақпарат алуға мүмкіндік берді.

Баспасөздік БАҚ жарияланымдардың көпшілігінен партиялық редакциялық саясаттың көрініс тапқанына қарамастан, электронды бұқаралық ақпарат құралдарына қарағанда анағұрлым алуан түрлі суретін ұсынды. Оппозициялық газеттер «Республика» (бұрынғы «Ассанди Таймс») және «Сөз» үкімет пен президентті қолдайтын партияларды сынайтын мақалалар жариялады. Мемлекеттік «Казахстанская правда» газетінің мемлекеттік электронды БАҚ секілді науқанды теңдестірілген шолуды қамтамасыз етпеу фактісі ерекше назар аударуды талап етеді.

Үгіт жүргізуге тыйым салынған кезеңде ешқандай бұзушылықтар байқалған жоқ.

## **IX. ШАҒЫМДАР ЖӘНЕ АПЕЛЛЯЦИЯЛАР**

Заңнамалық шеңбер сайлаушыларға, кандидаттар мен саяси партияларға сайлау комиссияларына, соттар мен прокуратураларға шағымдар және апелляциялар беруге мүмкіндік береді. ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ 200-ден астам ресми шағымдар туралы белгілі болды.<sup>25</sup>

Шағымдар мен апелляцияларды қарастыру процесі жабық түрде болып, көбіне-көп тиімділік әкеле қойған жоқ. Барлық деңгейдегі сайлау комиссиялары шағымдар бойынша шешімдерді ықпалсыз қабылдайды – оның орнына істер көбінесе басқа органдарға табысталып отырды. Мысалы, 17 қыркүйекте «Ақ Жол» ОСК көпшілігі Орталық сайлау комиссиясына жолданған осының алдындағы шағымдарға жауаптан бас тартқанына қатысты шағым берді. Төменгі деңгейлерде шағымдар көбінесе тиісті түрде құжатталмаған немесе елеусіз мәселелер бойынша берілгенімен, сондай-ақ анағұрлым елеулі сипаттағы шағымдар да болды.

ОСК шағымдар бойынша шешімдерін ашық отырыстарда қабылдамады, сондықтан партиялар, кандидаттар және байқаушылар шешімдер қабылданатын отырыстарға қатыса алмады, бұл Сайлау туралы заңның 20-1.3 бабына қайшы келеді. ОСК өкілдері плакаттарды орналастыру, кандидаттарға қарсы қылмыстық айып тағу мен сайлау науқанына байланысты басқа мәселелер секілді саяси партияларды толғандыратын мәселелерді талқылау үшін олармен тұрақты кездесіп отырды. БАҚ бойынша Қоғамдық кеңестің отырыстарында талқыланды, оларға сондай-ақ партиялардың өкілдері де кірді. Осындай топтарды құру қолдау тауып және ақпарат алмасуға арналған форум болып табылғанымен, ол топтар шағымдарды қараудың тиімді тұтқасы бол алмады.

Төменгі деңгейлерде шағымдарды қарастыру рәсімі дәйексіз қолданылды. СБМ Алматы, Қостанай қалаларында және Оңтүстік Қазақстанда сайлау

<sup>25</sup> ОСК СБМ 1999 жылғы парламенттік сайлаумен салыстырғанда ресми берілген шағымдар санының аздығы туралы ақпараттандырылғанымен, келіп түскен шағымдар туралы мәліметтерді СБМ тұрақты бермеді.

комиссияларының шағымдарды талқылағанын және олармен жұмыс істегенін байқауға мүмкіндігі болды, бірақ басқа жерлерде ондай мүмкіндік болмады. Кейбір аймақтарда, мысалы Ақтөбе облысында облыстық сайлау комиссиялары (ОСК) тәрізді, сайлауға байланысты шағымдарды мүлдем қарамаған секілді. Оның орнына олар барлық істерді прокуратураға қайтадан жолдап отырды. Алматы аумақтық сайлау комиссиясы тізімдерге енгізілмеген бірнеше мың сайлаушылар туралы іске қатысты ешқандай шаралар қабылдаған жоқ, бұл болса, сайлау комиссиясының сайлауға қатысты елеулі мәселелермен жұмыс істеуге деген ниеті жайында күмән туғызды.

Прокурор шағымдар мен апелляцияларды қарауда, сайлау процесін қадағалауда және қажетті қадамдар қабылдауда белсенді рөл атқарады. Республикалық және облыстық деңгейлерді прокуратуралар ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ ынтымақтасты және шағымдардың саны мен түрлері және олар бойынша шешімдер туралы уақтылы ақпарат беріп отырды. Бас прокуратураның ақпараты бойынша, 15 маусымнан 3 қазанға дейінгі кезеңде әр түрлі деңгейдегі прокуратураларға 1131 апелляция түскен. 3 қазанға қарай олардың 615-і, көбіне заңды түсіндіру арқылы шешілді.

Солай болса да, осындай қадамдар міндетті түрде жауапкершілікті арттыруға әкеле қоймайды. Бас прокуратураның ақпараты бойынша, сайлау күнінде сайлау туралы заңды бұзу бойынша шағымдарға қатысты қылмыстық істер қозғау жағдайлары болмаған. Оппозициялық, сондай-ақ үкіметтің шылауындағы кандидаттардың әкімдер мен жергілікті басқару органдары тарапынан әкімшілік ресурстарды теріс пайдалану туралы айыптардың көптігін қарамастан, Бас прокурор осындай теріс пайдалану бойынша тек төрт істі қозғады.

Кейбір жағдайларда сайлау комиссияларының мүшелеріне қарсы алаяқтық үшін айыптау бойынша әкімшілік істер қозғалды. Мысалы, Қостанайда бір сайлаушыға бірнеше бюллетень бергені үшін № 46 сайлау округының УСК мүшесіне қарсы әкімшілік іс қозғалды.

Прокурорлардың белсенді рөлі қолдау тауып, шағымдар мен апелляцияларды қарастыру рәсіміндегі олқылықтың орнын толтырғанымен, олардың қатысуы соттар мен сайлау комиссиялары жүзеге асырғанмен салыстырғанда, ашықтығы мен тәуелсіздігі анағұрлым кем шағымдар мен апелляцияларды қарастыру тәсілі болып табылады.

Бірнеше ітер, соның ішінде сайлау комиссиялары өздеріне келіп түсетін істер бойынша шешімдер қабылдауға тиіс екені туралы талап қойылған іс соттарда шешілді.<sup>26</sup> Жоғарғы Сотта қаралған бір істе судья ОСК Сайлау туралы заңның ашықтыққа қатысты қағидаларын бұзғаны үшін сөгіс жариялады.<sup>27</sup>

<sup>26</sup> Жоғарғы Сот, Аспандиярованың ОСК қарсы ісі, «Хабар» ТД және «Асар» партиясы ОСК № 3 округтық сайлау комиссиясының кандидат берген шағымды «талқылаумен шектелу» туралы шешіміне қатысты шаралар қабылдауын талап етіп, жекеше айқындама жасады.

<sup>27</sup> Жоғарғы Сот, өзінің кандидатурасын алып тастау туралы ОСК шешімін даулаған № 10 округтық сайлау комиссиясынан кандидаттың ісі. Ол кандидаттың өзінің кандидатурасын алып тастау туралы мәселені ОСК қарағаны туралы хабарланбағанына байланысты ОСК қатысты 20-1 бапты бұзғаны үшін жекеше айқындама жасады.

## **X. ӘЙЕЛДЕРДІҢ ҚАТЫСУЫ**

2004 жылғы Мәжіліске сайлауда оның алдында 1999 жылғы сайлауға қарағанда әйелдер көбірек қатысты. 24 әйел (22%) сегіз партия мен блоктардан партия тізімдері бойынша, ал 87 әйелдің кандидатуралары (17%) бір мандатты округтардан болды. Партиялардың тізімдері бойынша әйелдердің саны 1999 жылғы Мәжіліске сайлаумен салыстырғанда екі еседен астам ұлғайды. Партия жетекшісі Дариға Назарбаева алғаш рет сайлау алдындағы науқанда аса маңызды рөл атқарды. Оның партиясы «Асар» дауыстардың 11,38% және партия тізімі бойынша бір мандат алды, ал Дариға Назарбаеваның өзі парламентке сайланды.

Осы позитивті өзгерістерге қарамастан, Мәжіліске сайланған әйелдер санының айтарлықтай өсуі байқалмады. 2004 жылы 9 әйел сайланды, бұл 1999 жылғы сайлауға қарағанда бір адамға артық. Бұл елдің халқының 52% құрайтын әйелдердің саяси өмірде тең өкілдігі жоқ деген сөз, өйткені олардың Мәжіліс депутаттарының арасында үлесі небәрі 11,6% құрайды.

Бір мандатты округтарда мажоритарлық дауыс беру жүйесі әйелдерге Парламенттен орын алуға қосымша кедергі қояды. Осы 67 мандаттан әйелдерге небәрі 6 тиесілі (5 мандат сайлаудың бірінші турының барысында және 1 екінші турдың уақытында алынды), бұл барлық мандаттардың 8,9% құрайды. Пропорционалды мажоритарлық жүйе бойынша бөлінген 10 мандаттан парламентке 3 әйел (30%) сайланды. Мандаттардың көпшілігін иеленген «Отан» партиясы енді Мәжілісте екеуі партиялық тізімдер бойынша және төртеуі бір мандатты округтар бойынша сайланған алты әйелмен тұлғаланады. «Асарға» парламентте екі әйел өкілдік етеді – біреуі партиялық тізім бойынша өтті, ал екіншісі бір мандатты округтан сайланды. Бір мандатты округта өзін-өзі ұсынған әйел сайланды.

Көптеген әйел-кандидаттар өздерінің кандидатураларына қарсы кемсітушілік көрсету жағдайлары туралы мәдімдеді. Олар бұқаралық ақпарат құралдарының өздерінің сайлау алдындағы науқандарына шолу жасамағанын, оларға қарсы әкімшілік ресурстардың пайдаланылғанын және оларда ерлер-кандидаттардың қолы жетерлік жеткілікті қаржы қаражаттарының болмағанын хабарлады. Кейбір әйел-кандидаттардың тәжірибесі жеткіліксіз болды және олармен науқанды тиімді жүргізу бойынша қандай да бір оқу өткізілген жоқ. Әйелдер үшін проблема болып табылатын мәселелерге әр түрлі партиялар өткізген сайлау алдындағы науқандардың уақытында тиісті назар аударылмады.

Әйелдерге дауыс беруге толық мүмкіндік берілді және сайлау учаскелерінде қандай бір кемсітушіліктің айғақтары байқалмады. Сонымен қатар, әйелдер сайлауды өткізуде, соның ішінде ОСК төрағасы ретінде аса маңызды рөл атқарды. Алайда, мониторингімен қамтылған сайлау учаскелерінің 25% отбасылық дауыс беруге, сенім жүктелген тұлғалар арқылы дауыс беруге және топпен дауыс беруге жол берілді, ал мұның барлығына заңмен тыйым салынған. Осындай бұзушылықтар әйелдердің сайлау құқықтарын бұзуға жиі әкеліп соғады.

## **XI. ҰЛТТЫҚ АЗШЫЛЫҚТАРДЫҢ ҚАТЫСУЫ**

Ұлттық азшылықтардың сайлауға қатысу мүмкіндігі негізінен оң бағаланады. Ұлттық азшылықтардың мәселелері сайлау алдындағы науқанның уақытында

айтарлық рөл атқармады, солай болса да, теледебат раундтарының бірі осы мәселеге арналды. 31 тамызда Президент Назарбаев бір «қазақстандық ұлттағы» этникалық топтардың біртұтастығы тұжырымдамасын ұсынды.

ОСК жариялаған кандидаттардың тізімдеріне этникалық тегі туралы мәліметтер енгізілген, бірақ кандидат оны көрсетуге міндетті емес. Мәжіліске кандидаттардың төрттен үш бөлігінен астамы этникалық қазақтар, ал қазақтар ел халқының 57% құрайды. Этникалық орыстар кандидаттардың екінші ең үлкен тобын – шамамен 16% құрайды, ал орыстар ел халқының 27% болып табылады. Ұсынылған кандидаттардың шамамен екі пайызын украиндар құрайды, ал басқа (әрбір топ бір пайыздан кем) кандидаттар азшылық этникалық топтардың өкілдері болып табылады: өзбек, неміс, корей, татар, белорус, еврей, осетин, ұйғыр, әзірбайжан, балқар және поляк.

Оңтүстік Қазақстан облысында екі өзбек-кандидаттардың кандидатуралары күмәнді мән-жайларда алынып тасталды. Аталмыш сайлау округының халқының көпшілігін өзбектер құрайды. «Жануби Казахстан» газетінің бас редакторы Абдумалик Сармановтың кандидатурасы ол айтқан және өзбек тілінде шығатын үш жергілікті газетте жарияланған түсіндірмелердің негізінде 27 тамызда алынып тасталды. Екінші кандидат – Султан Абдираимов тіркеуден 16 қыркүйекте алынды, және де оның өзіне бұл туралы тек келесі күні хабарланған. Жергілікті сот кандидат үгіт плакаттары мен постерлерін рұқсат етілмеген жерлерде орналастырды, «Тұрғындар, біз біріксек, жеңеміз» деген ұран ұлтаралық кикілжіңге шоқ салуды көздейді және ол қайта тіркеуден кешікті деген негізде тіркеуден алу туралы шешімді қолдады.

ҚР 2002 жылғы «Саяси партиялар туралы» Заңы этникалық тегінің, жынысы мен дінінің негізінде партиялар ұйымдастыруға тыйым салады. Осының салдарынан кейбір партиялар тіркелген жоқ.

## **XII. ЖЕРГІЛІКТІ БАЙҚАУШЫЛАР**

Өзгертілген Сайлау туралы заң тәуелсіз жергілікті байқаушылардың сайлау процесінің барысындағы өзінің қызметін жүзеге асыру мүмкіндігін арттырды. Алайда, осы қағидаларды төменгі сайлау өткізу деңгейлерінде іске асыру бірдей болмады. Заңнамалық кепілдіктерге қарамастан, Республикалық тәуелсіз байқаушылар желісі көптеген сайлау комиссияларының өздеріне отырыстар өткізу уақыты туралы жалған ақпарат бергенін, байқаушыларға өз отырыстарының хаттамаларын бермегенін және кейбір жағдайларда оларды өздерінің отырыстарына жібермегенін хабарлады. Осы жағдайлар олардың сайлау жүргізуде көбірек ашық болуға шақыруына себеп болды.

Сайлау күні жергілікті байқаушылардың топтары жалпы оларды сайлау учаскелеріне жібергенін, бірақ кейбір жағдайларда учаскелерге ерте таңда кіру проблемалары байқалғанын хабарлады. Солай болғанымен, олардың сайлау учаскелерінің ішінде орын ауыстыруы шектеулі болды және олар көбіне төте ерікті білдіру орнынан шалғайда орналастырылды, бұл байқау жүргізу тиімділігіне нұқсан келтірді.

Дауыстарды санау және қорытындысын шығару кезінде үлкен қиыншылықтар туындады. Ақтөбе қаласында жергілікті байқаушылар оларға қол жеткізу мүмкіндігінен бас тартылғанын немесе шектеу қойылғанын және кейбір жағдайларда оларға хаттамалардың көшірмелерін алудың сәті түспегенін хабарлады.

Республикалық тәуелсіз байқаушылар желісі сайлау барысындағы бұзушылықтардың 1999 жылғы Мәжіліске сайлаумен салыстырғанда нашарлаған деп санап, сайлаушылардың қосымша тізімдеріне қатысты бұзушылық, бірнеше мәрте дауыс беру жағдайларын, дауыстарды санаған кездегі көптеген проблемаларды және әкімдердің тарапынан килігу жағдайларын алға тартты. Бұл топ көптеген проблемалар сайлау комиссиялары тарапынан болды деп мәлімдеді. Жергілікті байқаушылардың «Сайлау және демократия» ұйымы өзінің сайлаудан кейінгі мәлімдемесінде түрлі бұзушылықтар туралы хабарлады, алайда сайлау «табысты өткізілгенін» және орын алған бұзушылықтардың дауыс беру нәтижелерін өзгертпесін атап өтті.

### **XIII. ДАУЫС БЕРУДІ ЖӘНЕ ДАУЫСТАРДЫ САНАУДЫ БАЙҚАУ**

#### **A. ДАУЫС БЕРУ**

19 қыркүйекте бірінші дауыс беру туры үшін бүкіл Қазақстан бойынша шамамен 9480 сайлау учаскелері қанат жайды. СБХМ 152 топта шамамен 1300 түрлі сайлау учаскелерінде дауыс беру барысын байқаған және 1687 байқау бланкілерін толтырған 305 халықаралық байқаушыларды пайдаланды.

Сайлау күніне дейін байқаушылар оның алдындағы төрт апта бойы сайлауға дайындықты байқау мақсатында ұзақ мерзімді байқаушылар болған төмендегі облыс орталықтарында орналастырылды: Астана, Павлодар, Өскемен, Алматы, Шымкент, Атырау, Ақтөбе және Қостанай. Байқаушылар осы орталықтардан 4 сағаттық жол радиусындағы аумақты қамтыды. Сонымен қатар, байқаушылардың топтары Ақтау, Қызылорда қалаларында және Солтүстік Қазақстан облысында орналастырылды.

Байқаушылар топтарының көпшілігі сайлауды ашу рәсімі уақытында өткізілгенін және байқаумен қамтылған сайлау учаскелерінің 90% уақытында ашылғанын хабарлады. Олар ашылған кезде кандидаттардың өкілдері сайлау учаскелерінде болды. Алайда, байқаумен қамтылған сайлау учаскелерінің үштен бір бөлігінде ашылған кезде уәкілеттендірілмеген тұлғалар, негізінен полицейлер мен жергілікті басқару органдарының өкілдері қатысты.

Электронды дауыс беру учаскелерінде қағаз бюллетеньдер бойынша дауыс беруді қосу туралы, болжамда сайлаушыға екі нұсқаның арасында таңдау мүмкіндігін беру мақсатында кеш қабылданған (16 қыркүйекте) шешім дауыс беру күнін рәсімдерді өткізуді қиындатты. ОСК осы сценарийді бірнеше дүркін қабылдамады және сонымен осындай қосарлас дауыс беру бойынша нұсқаулықтар болмады. Бұл соңғы сәтте төменгі деңгейдің сайлау комиссиялары үшін, әсіресе сайлаушылардың қағаз және электронды дауыс беруге арналған екі тізіміне туындаған қажеттілікке байланысты сенімсіздік және қиыншылықтар туғызды. Сайлаушылардың қағаз және электронды тізімдері өзара байланыстырылмады, сондықтан қайта дауыс беруге жол



бермеу үшін сайлаушыларды екі тізім бойынша да қадағалау мүмкін болмады. Оның үстіне екі тізімде әдетте сайлаушылардың саны әртүрлі болып шығып отырды; көбіне алшақтықтар бірнеше жүзге дейін жетті.

Сайлаушылардың айтарлықтай саны бірлескен электронды және қағазбен дауыс беру учаскелеріндегі сайлаушылардың тізімдерінде атымен болмады. Кей жағдайларда оған себеп ішкі миграция себеп болды, бірақ басқа жағдайларда оған тізімдерді жасаған кездегі қателіктерден туындады. Өскемен қаласының № 28 сайлау округында тұтас бір село тізімге кірмеген. Сайлау күні көптеген азаматтар тізімге енгізілсе де, сол күйі дауыс бермей, учаскелерден кері қайтарылды немесе басқа сайлау учаскелеріне жіберілді. Сайлаушылардың тізіміне сайлау күні қосуға, бірақ тек одан жоғары деңгейдің сайлау комиссиялары қатаң регламенттеген мән-жайлар кезінде ғана жол беріледі. Алайда, тізімдерге осындай толықтырулар енгізу кең етек жайған болып шықты – СБМ байқаушылары барған учаскелердің 16% сайлаушыларды тізімге енгізудің куәсі болған.

Сайлаушыларды тізімдерге қосымша енгізу себептері кейде бір округтағы сайлау учаскесінен екіншісіне ауыса отырып, әр түрлі болды. Кей жағдайлар УСК тұрғылықты мекен-жайын өзгертуді растайтын құжат табыстауды талап етті, ал басқа жағдайларда (мысалы, Ақмола облысында, Астана және Өскемен қалаларында) УСК тізімдерге өзгертулерді телефон арқылы ауызша куәландырудың негізінде, құжаттар табыстамай енгізгені байқалды. Телефон шалудың негізінде қосымша сайлаушыларды енгізу кем дегенде ашық және жариялы процесс болмады, ал іс насырға шапса, ол сайлаушыларды сайлау құқығынан айыруға немесе сайлаушылардың тізімдерімен қақпақыл етуге әкеп соғуы мүмкін еді.

Жалпы алғанда, УСК мүшелері соңғы сәтте енгізілген өзгертулерді, бұлыңғыр нұсқаулықтарды және электронды дауыс беру процесінде қиыншылықтар көрген сайлаушыларға көмек көрсету қажеттілігін жеңу үшін қолдарынан келгеннің бәрін істеді. Солай болғанымен, СБМ байқаушылары жалпы алғанда сайлау процесін жүргізу байқаумен қамтылған 1177 сайлау учаскелерінің 13% «нашар немесе өте нашар» деп санайды және проблемалардың немесе бұзушылықтардың едәуір көп санын атап өтті. Байқаушылар дауыс беру сайлау учаскелерінің 42% «өте жақсы» және 45% «жақсы» болғанын хабарлады.

Байқаушылар мониторингімен қамтылған сайлау учаскелерінің 94% УСК мүшелері электронды дауыс беру жүйесінің өзін басқаруда өздерін сенімді сезінгенін айтады. Алайда сайлаушылардың өздері электронды дауыс беруде одан көп қиыншылықтарды бастан кешті. СБМ байқаушыларының бағасы бойынша сайлаушылардың электронды дауыс беру рәсімдерін түсінуі өздері барған учаскелердің 32% тек қағазбен дауыс беру өткізілген 15% учаскелермен салыстырғанда «нашар немесе өте нашар» болды. электронды дауыс беру пайдаланылған учаскелердің 19% сайлаушылар электронды дауыс беру рәсімін аяғына дейін жеткізе алмады.

Заңға сәйкес, көмек қажет ететін сайлаушыларға тек сайлаушының өзі айқындаған тұлғалар ғана көмек көрсете алады, ал УСК мүшелеріне, байқаушыларға және партиялардың сенім жүктелген тұлғаларына оған тыйым салынады. Осы қағиданы бұзу көптеген жағдайларда орын алды, ал электронды дауыс беру учаскелерінің 37% УСК мүшелерінің сайлаушылар дауыс беру рәсіміне кіріскеннен соң оларға

көмектескені байқалды. Бұл дауыс беру құпиясына нұқсан келтіреді. Оның үстіне, кейбір жерлерде ондай көмектің сайлаушыға қандай партия үшін дауыс беруді айтуға дейін барған.<sup>28</sup>

Топтық және отбасылық дауыс беру мониторингімен қамтылған сайлау учаскелерінің 25% байқалды. Сенім жүктелген тұлғалар арқылы дауыс беру сайлау учаскелерінің 5% байқалды. Байқаушылар сондай-ақ УСК өкілдерінің тарапынан теріс пайдаланудың, әсіресе топтық дауыс берудің және сенім жүктелген тұлғалар арқылы дауыс берудің алдын алу бойынша табысты қимылдарын атап өтті.

Басқа байқалған фактілерге мониторингімен қамтылған сайлау учаскелерінің 28% уәкілеттік берілмеген тұлғалардың болу фактілері жатады. Олар болған учаскелердің 9% қағаз бюллетеньдерге талап етілетіндей УСК мүшелерінің бірінің қолы әркез қойыла бермеген. Заңға сәйкес қол қойылмаған бюллетеньдер жарамсыз болып саналады. СБХМ байқаушылары сайлау учаскелерінің 16% маңында үгіт материалдарының болғанын байқаған.

Алдында айтылғандай, барлық учаскелерде қағаз бюллетеньдерді қамтамасыз етуге қатысты соңғы өзгертулер төменгі деңгейдің сайлау комиссияларына қосымша міндет жүктеді. Әкімшіліктер шынында да сайлаудың ұйымдастырушылық-техникалық жағын қамтамасыз етуде белгілі бір рөл атқарды, бірақ кей жағдайларда, мысалы, Қостанайда олар көмек көрсетуден гөрі көбіне килігіп отырды.

Дауыс берудің тыныш өткені, күштеу жағдайларының болмағаны сайлаудың он аспектісі болып табылды. Ондай көңілге қонымды іске сенімді нығайтуға арналған шара ретінде дауыс беру үшін мөлдір урналарды пайдалану, сондай-ақ мониторингімен қамтылған сайлау учаскелерінің барлығында дерлік саяси партиялардың өкілдерінің болғаны жатады.

## **Б. Дауыстарды санау**

Электронды дауыс беру учаскелерінде қағаз бюллетеньдермен дауыс беруге кеш берілген рұқсат дауыс беруді жабу, дауыстарды санау және нәтижелерді жинақтау рәсімдеріне қиындық келтірді. Жалпы алғанда, көптеген сайлау учаскелерінде дауыстарды санау рәсімі әлсіз деп бағаланды беру (28%).<sup>29</sup> Себеп ретінде бюллетеньдерді бақылаудың жеткіліксіздігі, учаскелерде оған уәкілеттілігі жоқ тұлғалардың болғаны (49%) және дауыс беру нәтижелері туралы хаттаманы ілмеу жағдайларының кеңінен орын алғаны (45%) аталады. Заң бойынша байқаушылар мен партия өкілдерінің дауыс беру нәтижелері туралы хаттаманы алуға құқығы болса да, жағдайлардың 28% байқаушыларға одан бас тартылды. Байқаушылар байқау жағдайларының 20% рәсімдік проблемалар немесе олқылықтар туралы хабарлады және сол жағдайлардың үштен екісі электронды дауыс беруге байланысты болған.

<sup>28</sup> Сонымен қатар, кейбір байқаушылар (мысалы, Павлодар және Өскемен қалаларында) электронды дауыс беру учаскелерінің төрағалары сайлаушыларға қағаз дауыс беруді таңдау құқығынан бас тартқан жағдайларды атайды.

<sup>29</sup> Байқаушы топтар мониторингімен қамтылған сайлау учаскелерінде санақ жүргізуді төмендегідей бағалайды: «өте жақсы» – 38%, «жақсы» – 34%, «нашар» – 21%, «өте нашар» – 7%.

Электронды дауыс беруді жабу рәсімдерінде өзіндік қиындықтар болды, бәлкім, оның себебі УСК деректеріне қағаз, сондай-ақ электронды дауыс беру рәсімдерін жабу қажеттігіне орай салмақ түсірілгенінде болар. Электронды деректерді табыстаған кезде техникалық ақаулық жағдайлары, сондай-ақ УСК мүшелерінің хаттамаға қол қоймау жағдайлары орын алды. Басқа бір проблема деректерді оқитын құрылғының дауыс беру рәсімі жабылысымен, дереу мөрленбегені (байқаумен қамтылған электронды дауыс берілетін сайлау учаскелерінің жартысынан астамында) болып табылды. Аталмыш олқылық дауыс беру нәтижелері дауланған жағдайда, деректердің тұтастығына күмән туғызады.

Хаттамаларды жасау процесі көбінесе ұзақ және УСК мүшелері үшін түсініксіз болды. Сайлау учаскелерінің 30% УСК мүшелері хаттамаларды толтыратын кезде қиыншылықтар көргені анық. Сондай-ақ бірнеше байқаушылар өздерін учаскеден кетіrmek мақсатпен дауыстар санағын қасақана созуға тырысқандықтар туралы хабарлады.

Байқаушылар Өскемен қаласында дауыстарды санау және жабу кезінде өте берекесіздік болғанын және учаскелік сайлау комиссияларының белгісіз себептерден сайлаушылардың тізімдерін Көш-қон департаментіне жеткізіп отырғанын хабарлады.

Сайлау учаскелерінің барлығы дерлік уақытында жабылған. Партиялардың өкілдері байқаумен қамтылған барлық сайлау учаскелерінде, ал жергілікті байқаушылар – сайлау учаскелерінің 71% қатысты.

## **В. Нәтижелерді шығару**

Нәтижелерді шығару рәсімі көптеген жағдайларда біртұтас жиынтық хаттаманы пайдаланбаудан шиеленіскен электронды және қағаз бюллетеньдермен дауыс беру бойынша нәтижелерді шығарудың қатар жүруіне байланысты қиындай түсті.

Кейбір СБХМ байқаушылары нәтижелерді шығару орындарына, мысалы, Атырау қаласында және Оңтүстік Қазақстан облысының № 65 сайлау учаскесінде, кірудің қиындықтары туралы хабарлады. Мониторингімен қамтылған жағдайлардың 17% байқаушылар қандай да бір деректер енгізуді байқамаған. Жергілікті байқаушылар да сондай-ақ өздерінің нәтижелерді шығаруға қол жеткізу кезінде көрген қиыншылықтары туралы хабарлады.

СБХМ байқаушылар, партиялардың өкілдері мен жергілікті байқаушылар сайлау учаскелерінің төрағаларының нәтижелерді тапсыруға талпыныстарынан соң хаттамаларды қайта жазу жағдайлары туралы хабарлады. Кей жағдайларда бұл шағын алшақтықтарды түзету үшін жасалды, алайда, хаттамаларды қайта жазу әсіресе, хаттамалар байқаушылар мен партиялардың өкілдеріне берілмеген, сондай-ақ сайлау учаскелерінде ілінбеген жағдайлардың көптігін есепке алғанда, ашық рәсім болып табылмады.

Сайлаудан кейінгі күндерде ұзақ мерзімді байқаушылар одан жоғары деңгейдің комиссияларына барып шықты. Ол комиссиялар әсіресе бір мезгілде қағаз және электронды бюллетеньдер бойынша дауыс беру жүргізілген сайлау учаскелерінде жиынтық хаттамалар құрастыруда қиыншылықтарға тап болған. Кандидаттардың

сенім жүктелген тұлғалары және жергілікті байқаушылар жоғары деңгейдің комиссияларының жұмысын шағын ауқымдарда қадағалады.

#### **XIV. САЙЛАУДЫҢ ЕКІНШІ ТУРЫ**

Сайлаудың екінші туры 3 қазанда 22 сайлау учаскесінде өтті. Екінші турға ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ жүргізген байқаудың ауқымы бірінші турмен салыстырғанда шағын болды және 93 сайлау учаскелерінде болып шығу нақты статистикалық пысықталған талдау үшін жеткіліксіз болды. СБМ байқаушылары 8 сайлау округында, әсіресе, Алматы қаласындағы №№ 3, 5 және 7 сайлау округтарында қатысты.

Бірінші турдың кезінде аталған проблемалардың көпшілігі сондай-ақ екінші турда да орын алды, дегенмен, сайлау жүргізу процесінің өзі Шымкент, Қызылорда және Көкшетау қалаларында жақсарған. Электронды дауыс берілетін сайлау учаскелерінде тағы да қағаз бюллетеньдерді қатар пайдалану орын алды. УСК мүшелерін осы күрделі рәсімге дайындау үшін ешқандай қосымша оқыту болған жоқ. Сондай-ақ көбейген міндеттер санымен жұмыс істеу үшін қандай да бір қосымша адам ресурстары тартылмады. Осының барлығы Алматы қаласын кейбір учаскелік сайлау комиссияларындағы бей-берекетсіздікке әкеп соқты. Жоғарыда айтылғандай, екінші турда қағаз дауыс беруден бөлек электронды дауыс беру қабылданбады.

Сайлаушылардың тізімдеріне қатысты көлеңкелі жағдай орын алды. Учаске төрағаларының деректері бойынша, кей жағдайларда 19 қыркүйектен кейін сайлаушылардың тізімдері өзгертілген. Алайда, осындай хал-жағдай тіпті бір сайлау округының шектерінде түрленіп отырды және төрағалар сайлаушылардың тізімдері 19 қыркүйектегідей болды деп мәлімдеді. Тізімдерге толықтырулар енгізу рәсімдері жабық және дәйексіз болып қалды. Кейбір УСК сайлаушылардан түрлі құжаттар табыстауды талап етті, ал сол мезгілде басқалары тізімдерге толықтыруларды телефон қоңырауы арқылы енгізіп отырды.

Кейбір сайлау учаскелерінде тізімдерге сайлаушылардың аз бөлігі, ал басқаларында ондап енгізілді. Алматы қаласының екі сайлау учаскесінде сайлау күні әрбір тізімге қосымша 700 сайлаушы енгізілгені байқалды. сонымен қатар, сайлаушылардың тізімдері мен тізімдері СБМ байқаушыларына немесе жергілікті байқаушыларға әркез берілген жоқ.

Кейбір төрағалардың бірнеше дүркін дауыс берудің жолын кесу үшін қағаз және электронды тізімдерді қайта тексергені хабарланды, алайда, байқаумен қамтылған сайлау учаскелерінің көпшілігінде ондай жағдай байқалмады. Осындай хал-жағдай сайлау тізіміне қосымша енгізудің көмескі рәсімдерімен бірге бірнеше дүркін дауыс беруге мүмкіндік жасады. Сайлаушылардың өздері әртүрлі сайлау учаскелерінде бір мәртеден артық дауыс бергенін мәлімдеген екі жағдай белгілі болды. Сайлаушылардың бірі оны өзінің жұмыс берушісінің бұйыруы бойынша істегенін айтты. Бір халықаралық байқаушы және кейбір жергілікті байқаушылар № 5 сайлау округында сайлаушылардың әртүрлі сайлау учаскелеріне апарылғанын хабарлады.

Сайлаушылардың тізіміне 700-ден астам сайлаушы студенттер енгізілген алматылық университеттердің бірінде күні бойы өздерінің дауыс беру кезегін тосқан студенттердің үлкен жиыны байқалды. Студенттер өздерін университет басшылығы дауыс беруге мәжбүр еткенін хабарлады. Бұл Сайлау туралы заңның 10.3 бабына қайшы келеді.

Прокуратураның дереу килігуін қажет еткен кейбір елеулі даулар туындап отырғанымен, дауыстарды санау және дауыс беруді жабу рәсімдері жалпы алғанда ойдағыдай өтті. Жергілікті байқаушылар мен партиялардың өкілдерінің қол жеткізу проблемалары қалды. Байқаушылар мен өкілдерге сайлаушылардың тізімдерін көрсетуден бас тартумен қатар, байқаушылар мен өкілдер хаттамалардың көшірмелерін ала алмаған бірнеше жағдай болды. Бұл Сайлау туралы заңға және жариялылық принциптеріне қайшы келеді. Хаттама заң бойынша талап етілетіндей, сайлау учаскесінде ілінген небәрі бір жағдай байқалды. Бірінші турдағы секілді, электронды дауыс берілетін сайлау учаскелеріндегі жабу рәсімдері бұлыңғыр болды және көбінесе деректерді жазу құрылғысы тиісті түрде мөрленбеді.

## **XV. САЙЛАУДЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІН ЖАРИЯЛАУ**

ОСК сайлаудың бірінші турының алдын ала нәтижелерін 20 қыркүйекте жариялады, алайда, нәтижелер бойынша ресми шешім мен партия тізімдері бойынша дауыс берудің нәтижелері бойынша айқындаманы ОСК тек 27 қыркүйекте жариялады. Бұл заңнама шеңберінде болғанымен, нәтижелерді одан ерте жариялауға болушы еді. Бұл кідірістің неліктен болғаны түсініксіз. Екінші тур бойынша нәтижелерді ОСК 4 қазанда жариялады.

ОСК алдында оны істеуді міндетіне алғанымен, сайлау учаскелері шығарған нәтижелерді жарияламады. Сайлау туралы заң оны нақты түсіндірмейді, бірақ 12.16-1 және 14.9 Баптар сайлау учаскелері шығарған нәтижелер ОСК веб-сайтында жариялануға тиіс екенін айтатын болу керек. Мүдделі тұлғалардың сайлау учаскелерінің деңгейінде жасалған хаттамаларды түпкілікті нәтижелермен салыстыру үшін оларды қайта тексере алатыны негізгі ашықтық элементі болып табылады.

ОСК деректері бойынша партиялық тізімдердің пропорционалды жүйесі бойынша 7 пайыздық барьерден Мәжіліске өткен төрт саяси партия өтті. Барлық берілген дауыстардан «Отан» 60,61%, «Ақ Жол» – 12,04%, «Асар» – 11,38% және «АИСТ» блогы – 7,07% алды. 7 пайыздық барьерге ҚКП/ҚДТ блогы өте жақын қалды – 3,44%. Ресми деректер бойынша, сайлауға қатысқан сайлаушылар пайызы 56,49% құрады.

67 бір мандатты округта 45 депутат тиісті сайлау учаскелерінде берілген дауыстардың 50%-ын алды және бірінші турда сайланды. Қалған 22 сайлау округтарында ең көп дауыстар санын алған екі кандидаттың арасында қосымша сайлау өткізілді.

Сайлаудың түпкілікті нәтижелері төмендегідей түрде бөлінді:

Партиялар және блоктар	Партиялық тізім	Бір мандатты округ, 1-інші тур	Бір мандатты округ, 2-інші тур	Жалпы орын саны
«Отан» партиясы	7	26	9	42
«Ақ Жол» партиясы	1			1
«Асар» партиясы	1	2	1	4
«АИСТ» блогы	1	9	1	11
ҚКП/ҚДТ блогы				0
Демократиялық партия			1	1
«Ауыл» Социал-демократиялық партиясы				0
Қазақстанның патриоттар партиясы				0
Қазақстанның халық коммунистік партиясы				0
«Руханият» партиясы				0
Өз-өзін ұсынған кандидаттар		8	10	18
<b>Барлығы</b>	<b>10</b>	<b>45</b>	<b>22</b>	<b>77</b>

Сондай-ақ кейбір өз-өзін ұсынған кандидаттар нысандық немесе нысансыз түрде қандай да бір партиялармен үлестес болды деген жорамалдар бар. Сонымен, партиялардың Парламенттегі нақты өкілдігін фракциялар қалыптастырылғаннан соң көруге болады. Демек, «Отанның» Парламенттегі өкілдігі жоғары болады, өйткені көптеген сайланған өз-өзін ұсынған кандидаттар «Отанмен» үлестес болған.

Сайлаудан соң оппозиция сайлаудың нәтижелерін жарамсыз деп жариялауға нәтижесіз талпыныстар жасады және сайлауды заңсыз деп жариялаған мәлімдеме жасады.

«Ақ Жолдан» Парламентке сайланған жалғыз кандидат сайлауды өткізу процесіне қарсылық білдіру ретінде өзінің мандатынан бас тартты. Бұл Мәжілісте ресми оппозиция болмайды деген сөз. Мәжілістің ескі құрамының Спикері және «Отан» партиясының тең төрағасы себеп ретінде сайлау барысындағы бұзушылықтарды келтіріп, депутаттық орынынан бас тартты.

## XVI. ҰСЫНЫСТАМАЛАР

2006 жылғы президенттік сайлау өткізу керектігін есепке ала отырып, осы есептемеде аталған сайлау процесінің кемшіліктерін түзету үшін қажетті реформаларға назар аудару керек. ЕҚЫҰ/ДИАКБ сайлау ЕҚЫҰ міндеттемелеріне сәйкес болу үшін Қазақстан Республикасының билік органдары мен азаматтық қоғамының қарастыруына төмендегідей ұсыныстамалар береді. Сонымен қатар, ЕҚЫҰ/ДИАКБ Сайлау туралы заңның толық бағасының құрамында бар ұсыныстамаларды тағы қайталайды, олардың біразы төменде берілген.

## **А. ҚҰҚЫҚТЫҚ ШЕҢБЕР**

1. Сайлау туралы заңның жала жабушылық үшін сотты болған кандидаттарды тіркеуден бас тарту туралы қағидаларын алып тастау керек. Сайлау туралы заңның кандидаттарға қаржылық есеп-қисаптағы елеусіз қателіктер үшін құқықтарынан бас тарту туралы қағидаларын өзгерту керек.
2. Заңға саяси партиялардың сайлау учаскелеріндегі кең өкілдігіне кепілдік жөнінде түзетулер енгізу керек.
3. Сайлау туралы заң сайлау алдындағы науқан ресми басталарға дейінгі үгіттің нақты айқындамасын беруге тиіс.
4. Заңның мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдарының сайлау алдындағы науқанды теңдестіре көрсетуі туралы қағидаларын түсіндіріп, Сайлау туралы заңға сайлау уақытында БАҚ реттейтін заңның талаптарының орындалуын бақылау бойынша Орталық сайлау комиссиясының немесе басқа ведомствоның өкілеттіктері туралы түзетулер енгізу керек.
5. Заң қағаз бюллетеньдерді дауыс беруге арналған машиналар жасайтын және келесі қайта санай үшін сақталатын уақытта электронды дауыс беруді тұрақты және анық жазбасын талап ететін болуға тиіс.
6. Ашықтықты қамтамасыз ету мақсатында заң Орталық сайлау комиссиясынан сайлау учаскелері бойынша түпкілікті нәтижелерін жариялауды нақты талап етуге тиіс.
7. Сайлау туралы заңға тиісті құзыретті органдарды және олардың ашық әрі тәуелсіз қызметін, сондай-ақ шағымдар мен апелляциялар беру және олар бойынша шешімдер шығару мерзімдерін қоса, шағымдар мен апелляциялар беру рәсімдерін нақты айқындау туралы түзетулер енгізу керек. Заң сайлау комиссияларының апелляциялар бойынша шешімдер қабылдау міндеттерін түсіндіруге тиіс.
8. Сайлау туралы заңға мандаттардың партияларға емес, сайланған кандидаттарға тиесілі болу керектігі туралы түзетулер енгізу керек. Соның ішінде, сайланған кандидат нақты орындардың бөліну формуласынан тәуелсіз өзінің саяси көзқарасын өзгертудің, партияны таратудың немесе саяси партияға қатысты сайлаудан кейінгі шешімнің нәтижесінде мандатын жоғалтпауға тиіс.
9. Сайлау процесінің аспектілерін қозғайтын заңнамалық актілер, мысалы, Саяси партиялар туралы заң, Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодекс, Жемқорлықпен күрес туралы заң, БАҚ туралы заң және басқа заңдар бар. Оларды Сайлау туралы заңға сәйкестік тұрғысынан қайта қарау керек.

## **Б. САЙЛАУДЫ БАСҚАРУ**

10. Президенттік сайлауға дейін процеске жалпы сенімді арттыру мақсатында саяси баланс пен плюралистік өкілдікті қамтамасыз ету үшін Орталық сайлау комиссиясының құрамын өзгерту керек.
11. Орталық сайлау комиссиясына сайлау алдындағы науқанның уақытында ашықтық, жариялылық және құқық нормаларына сәйкес тұрақты және ашық отырыстар өткізуді және шешімдер қабылдауды көздеу керек.
12. Сайлау комиссияларының шешімдері уақытында жазбаша түрде қабылдануға және жұртшылыққа жеткізілуге тиіс.
13. Сайлаушылардың тізімдерін және оларды жасау рәсімдерін мұқият түрде қайта қарау керек. Сайлаушылардың қағаз және электронды тізімдерінің арасындағы

қайшылықтар мәселесін шешу керек. Сайлау күні сайлаушылардың тізімдеріне қосымша есімдер енгізу туралы қағиданы реттеу керек.

14. Соңғы сәтте кандидатураларды тіркеуден алу туралы шешімдер қабылдаудың күшін жою керек.
15. Мәжіліске келесі сайлауға дейін тіркелген сайлаушылар санындағы алшықтықты қысқарту үшін сайлау учаскелерінің шекараларын өзгерту керек.
16. Сайлаушыларды белгілі бір кандидаттарды немесе партияларды қолдауға мәжүр ету мақсатында оларға қысым көрсететін немесе оларға қоқан-лоққы көрсететін лауазымды тұлғалар мен жергілікті орындардың басшыларын сотпен қудалауға белсенді түрде күш салу керек.
17. Төмен деңгейдегі сайлау комиссияларының мүшелерін 2004 жылғы Сайлау туралы заңға түзетулер бойынша жан-жақты оқытуды жүргізу қажет. Оқудың тиімділігі үшін оны жеткілікті қаржыландыруды көздеу керек.

#### **В. ЭЛЕКТРОНДЫ ДАУЫС БЕРУ**

18. «Сайлау» электронды дауыс беру жүйесіне қоғамның сенімін нығайту үшін қағаз бетінде есепке алуды және дауыстарды қайта санау мүмкіндігін енгізіп, ПИН-кодтар қолдануды доғару керек. Электронды дауыс беруді сертификаттаудың тәуелсіз ішкі жүйесі болуға тиіс.
19. Жүйеге дауысты есепке алуды жеңілдету және көзі нашар көретін адамдарға көмектесу үшін өзгертулер енгізу керек.
20. «Сайлау» біртіндеп енгізілуге және сайлаушылардың арасында түсіндірме жұмыс жүргізу арқылы қолдануға тиіс.

#### **Г. БАҚ**

21. БАҚ иелері басылымдардың редакциялық тәуелсіздігін құрметтеу үшін оларды меншіктену түрлерін кеңейтуге қадамдар жасау керек.
22. Орталық сайлау комиссиясымен қатар партиялар мен кандидаттар да сондай-ақ дебаттарды реттеу бойынша шешімдер қабылдауға қатысуға тиіс.
23. Қылмыстық кодекстің және мемлекеттік істердің құпиялылығы туралы заңның жала жабуға қатысты қағидаларын саяси мақсатта пайдалануды болдырмас үшін, мысалы, жалақорлықты қылмыстық емес, азаматтық құқық бұзушылық ретінде айқындап, оларды өзгерту керек.

#### **Д. ӘЙЕЛДЕРДІҢ ҚАТЫСУЫ**

24. Мәжілістегі пропорционалдық өкілдік негізінде сайланатын орындарды, кандидаттардың тізімдеріндегі әйелдер бойынша квоталарды немесе партиялардың арасындағы партиялық тізімдерге әйелдердің көбірек санын енгізу туралы ерікті келісімді қоса алғанда, Мәжіліске сайланатын әйелдердің қатарын арттыру мүмкіндігін қарастыру керек.



## ГЛОССАРИЙ

**Әкім:** Облыс және одан төмен деңгейдегі атқарушы билік органының басшысы.

**Әкімшілік:** Облыс және одан төмен деңгейдегі кез келген жергілікті өзін-өзі басқарудың атқарушы органы.

**Мәжіліс:** Қазақстан парламентінің төменгі палатасы.

**Мәслихат:** Облыс және одан төмен деңгейдегі заң шығарушы орган.

**Облыс:** Қазақстанның 16 аймағының кез келгені.


**«Сайлау»:** Қазақстанда қолданылатын электронды дауыс беру жүйесі.

**Теңге:** Қазақстанның ұлттық валютасы.


## ҚОСЫМША: САЙЛАУ АЛДЫНДАҒЫ НАУҚАНДЫ БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНДА ШОЛУ МОНИТОРИНГІ

«Хабар» телеарнасы – Жаңалықтар бағдарламасы (19 тамыз-17 қыркүйек)

### 1 Саяси партиялардың арасында уақыт бөлу




### 1.2 Саяси күштерге шолу сарыны




«Қазақстан-1» – Жаңалықтар бағдарламасы (19 тамыз-17 қыркүйек)

2 Саяси партиялардың арасында уақыт бөлу




2.1 Саяси күштерге шолу сарыны




31 арна – Жаңалықтар бағдарламасы (19 тамыз-17 қыркүйек)

3 Саяси партиялардың арасында уақыт бөлу




3.1 Саяси күштерге шолу сарыны






**КТК – «прайм-тайм» Жаңалықтар бағдарламасы (25 тамыз-17 қыркүйек)**

**4 Саяси партиялардың арасында уақыт бөлу**



**4.1 Саяси күштерге шолу сарыны**



## ЕҚЫҰ/ДИАҚБ

Демократиялық институттар мен адам құқықтары жөніндегі бюро (ДИАҚБ) – қатысушы мемлекеттерге «адамның құқықтары мен негізгі бостандықтарын толық құрметтеуді қамтамасыз ету, заңдылық негізінде әрекет ету, демократия принциптерін іске асыру және ... демократиялық институттар құру, нығайту және қорғау, сондай-ақ бүкіл қоғамның масштабында шыдамдылық көзқарас принциптерін дамыту» (1992 жылғы Хельсинки құжаты) үшін ықпалдасатын ЕҚЫҰ институты.

Варшавада (Польша) орналасқан ДИАҚБ 1990 жылы Париж саммитінде Ерікті сайлау жөніндегі бюро ретінде құрылды және өзінің жұмысын 1991 жылдың мамыр айында бастады. Бір жылдан соң Бюро кеңітілген мандатты бейнелеу мен адам құқықтары мен демократияландыру бойынша аспектілерді енгізу үшін өзгертілді. Қазіргі уақытта Бюрода 100-ден астам адам жұмыс істейді.

ДИАҚБ сайлауды байқау саласында Еуропаның бас агенттігі болып табылады. Бюро ЕҚЫҰ аймағында өтетін сайлаудың ұлттық заңнамаға және халықаралық стандарттарға сәйкестігін бағалау үшін жыл сайын мыңдаған байқаушыларды орналастыруды үйлестіреді және ұйымдастырады. Қолданылатын бірегей әдістеме сайлау процесінің барлық элементтерінің мәніне жан-жақты бойлауға мүмкіндік береді. Ықпалдасу бойынша жобалардың көмегімен ДИАҚБ қатысушы мемлекеттерге өздерінің сайлау шеңберін жетілдіруге көмектеседі.

Бюроның демократияландыру бойынша қызметі төмендегі тақырыптарды қамтиды: заңның үстемдігі, азаматтық қоғам, орын ауыстыру бостандығы, гендерлік теңдік, заңнамалық қолдау және адам саудасы. ДИАҚБ жыл сайын нығайту және ЕҚЫҰ міндеттемелеріне сәйкестікті қамтамасыз ету мен демократиялық құрылымдарды дамыту мақсатында ықпалдасу бойынша мақсатты бағдарламаларды іске асырады.

ДИАҚБ қатысушы мемлекеттердің ЕҚЫҰ адам өлшемі бойынша міндеттемелерінің мониторингін жүргізеді және адам құқықтарын қорғауды арттыруға ықпалдасады. Бюро сондай-ақ жыл сайын қатысушы мемлекеттердің ЕҚЫҰ адам өлшемі бойынша міндеттемелерін орындауын талдау және нақты тақырыптарды талқылау үшін бірнеше кездесуден ұйымдастырады.

ДИАҚБ қатысушы мемлекеттерге сығандарға қатысты саясатты жүзеге асыру туралы мәселе бойынша ұсыныстамалар береді. Бюро сыған қоғамдастықтары үшін мекемелердің құзыретін кеңіту және құру бойынша жұмыс істейді, сондай-ақ сығандардың саяси органдарға қатысуын көтермелейді. Бюро ұлттық және халықаралық құрылымдардың арасында сығандар мәселесі туралы ақпарат алмасу бойынша анықтамалық пункт ретінде бой көрсетеді.

ДИАҚБ бүкіл қызметі ЕҚЫҰ қатысушы мемлекеттерімен, ЕҚЫҰ институттарымен және жергілікті орындардағы қызметпен, сондай-ақ басқа да халықаралық ұйымдармен тығыз ынтымақтастықта және үйлестікте жүзеге асырылады.

ДИАҚБ туралы қосымша ақпаратты веб-сайттан қараңыз: ([www.osce.org/odihr](http://www.osce.org/odihr)).